



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары

ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Технические средства регулирования дорожного движения

ПРАВИЛА ПРИМЕНЕНИЯ

ҚР СТ 1412-2017

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары

ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ҚР СТ 1412-2017

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» ШЖҚ республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2017 жылғы 10 қазан № 274-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңының, «Жол қозғалысы туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194 –V ҚРЗ, «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 Заңының, «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4шілдедегі № 476 Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларының, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелердің, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерінің және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесінің нормалары іске асырылған.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2023 жыл
5 жыл**

5 ҚР СТ 1412-2010 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер және анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	3
5 Жол белгілерін қолдану ережелері	4
6 Жол таңбасын қолдану ережесі	31
7 Жол бағдаршамдарын қолдану ережесі	38
8 Жол қоршауларын және бағыттауыш құрылғыларды қолдану ережесі	50
9 Жиынтық жасанды кедір-бұдырларды және шу жолақтарын қолдану ережесі	51
А қосымшасы (ақпараттық) Қозғалысты реттеудің техникалық құралдарын қолдану ережелеріне арналған суреттер	53
Б қосымшасы (ақпараттық) ҚР СТ 1125 бойынша жол белгілері	84
В қосымшасы (ақпараттық) Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының шартты белгіленулері	101
Г қосымшасы (ақпараттық) ҚР СТ 1124 және ГОСТ 32953 бойынша жол таңбасы	103
Д қосымшасы (ақпараттық) Бағдаршамдар	109
Библиография	111

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары****ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Енгізілген күні 2018-02-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарына таратылады: барлық имараттанатын және пайдаланылатын жолдардағы, қалалар мен ауылдардың көшелеріндегі, темір жол өткелдеріндегі (бұдан әрі жолдар) жол белгілеріне, жол таңбасына, бағдаршамдарға, жол қоршауларына, бағыттау құрылғыларына, жиынтық жасанды кедір-бұдырларға және шуларға және оларды қолдану ережелерін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1124-2003 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жолдар таңбалары. Техникалық талаптар

ҚР СТ 1125-2002 Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 1278-2004 Жол шектеулерінің жүйелері. Металл қауіпсіздігі кедергілері. Техникалық шарттар

ҚР СТ 1409-2005 Жол темір-бетон белгілерінің тіректері. Техникалық шарттар

ҚР СТ 1633-2015 Автомобиль жолдарындағы және елдімекен пункттеріндегі сыртқы жарнама құралдары. Жалпы техникалық талаптар және орналастыру ережелері

ҚР СТ 2607-2015 Жол жұмыстары өндірісі орындарындағы қоғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі материалдар. Қолдану ережелері

ГОСТ 19433.1-2010 Қауіпті жүктер. Жіктеме

ГОСТ 32843-2014 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Сигнальды жол бөренелері. Техникалық талаптар

ГОСТ 32944-2014 Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жаяу жүргін жолдары. Жіктеме. Жалпы талаптар

ГОСТ 32945-2014 Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол белгілері. Техникалық талаптар

ГОСТ 32953-2014 Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол таңбалары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 32964-2014 Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жасанды жиынтық кедір-бұдырлар. Техникалық талаптар. Бақылау әдістері

ГОСТ 33025-2014 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Полосы шумовые. Технические условия

ГОСТ 33027-2014 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Сыртқы жарнама құралдарын орналастыруға қойылатын талаптар

ГОСТ 33127-2014 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Жол шектеулері. Жіктеме

ГОСТ 33128-2014 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Жол шектеулері. Техникалық талаптар

ҚР СТ 1412-2017

ГОСТ 33151-2014 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Орналастыру элементтері. Техникалық талаптар. Қолдану ережелері

ГОСТ 33385-2015 Автомобиль жалпы пайдалану жолдары. Жол бағдаршамдары. Техникалық талаптар

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылы жарияланған сәйкесті ай сайын басылып шығатын ақпараттық көрсеткіш бойынша сілтеме стандарттары мен таптамаларының әрекетін тексеру орынды. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырылмай алып тасталған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта [1] - [4], ГОСТ 32944, ГОСТ 32945, ГОСТ 32953, ГОСТ 32964, ГОСТ 33025 және ГОСТ 33127 бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкесті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1 **Себу бермасы:** жырту бетіне орнатылатын аудан немесе жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орналастыруға арналған шұңқырлар.

3.2 **Жаяу жүргін шақыру құрылғысы:** Бағдаршамның негізгі сигналын қолмен іске қосуды қамтамасыз ететін жаяу жүргін бағдаршамы объектісін басқару жүйесінің элементі.

3.3 **Қауіпсіздік аралы:** Жол арқылы өтуді аяқтау мүмкіндігін күтетін жаяу жүргіншілер үшін бөлінген жолдың жүру бөлігі шегіндегі арал

3.4 **Негізгі белгі:** Қондырғының қажеттілігі осы стандарттың талаптарына сәйкес жол шарттарымен анықталатын белгі.

3.5 **Қайталау белгісі:** Жолдың көлденең қиылысына орналасқан белгі және қозғалысқа қатысушылар ақпаратты сенімді қабылдауын арттыруы үшін қызмет ететін негізгі белгі

3.6 **Алдын ала белгі:** Қозғалыс режимінің алдағы өзгерісі немес ақпараты негізгі белгіде қамтылған объекті туралы негізгі белгіге дейін орнатылған және жүргізушілерді ескертетін белгі.

3.7 **Қайта белгі:** Негізгі белгінің артында орнатылған және оның ақпаратын растайтын белгі.

3.8 **Қосымша ақпарат белгісі (кесте):** Олармен бірге қолданылған басқа белгілердің әрекетін нақтылайтын немесе шектейтін белгі.

3.9 **Жол бағдаршамы (бұдан әрі – бағдаршам):** Қозғалысты реттеуге арналған бағдар сигналды құрылғы.

3.10 **Бағдаршам объектісі:** көше-жол желісі учаскесінде орнатылған, көлік ағымдарының немесе көлік және жаяу жүргін ағымдарының даулары бойынша қозғалыс кезектілігі бағдаршам сигнализациясымен реттелетін бағдаршамдар тобы.

3.11 **Бағыттайтын құрылғы:** Көру бағыттарына арналған қауіпсіздік аралдарын, аралдарды бағыттайтын сигнал бағаны, тумба

4 Жалпы ережелер

4.1 ҚР СТ 1125 және ГОСТ 32945 бойынша жол белгілері, ҚР СТ 1124 және ГОСТ 32953 бойынша жол таңбалары, ГОСТ 33385 бойынша бағдаршамдар, ГОСТ 33128 бойынша жол қоршаулары бағыттау құрылғылары, ГОСТ 32964 бойынша жиынтық жасанды кедір-бұдырлар және ГОСТ 33025 шулар күндіз де тәуліктің түнгі мезгілінде де

жол қозғалысына қатысушыларға олардың жақсы көрінуі, пайдалану және қызмет ету ыңғайлылығы, сондай-ақ олардың мүмкін болатын зақымдануын болдырмауды есепке ала отырып орындалуы тиіс. Бұл ретте олар қандай да бір кедергілермен жол қозғалысын қатысушылардан жаппауы (жасыл екпелермен, сыртқы жарықтандыру тіректерімен және т.б.) тиіс.

Жол белгілерін және бағдаршамдарды орналастыру кезінде олардың беретін ақпараты сол ақпарат арналған қатысушыларға ғана бағытталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Қозғалыс режимін анықтайтын жол таңбаларын ажырату қиын (қар, лас және т.б.) немесе қалпына келтіру мүмкін емес жолдардың учасклерінде мәні бойынша сәйкесті жол белгілері орнатылуы тиіс.

4.2 Плакаттарды, афишаларды орналастыруға, жол жиегі жолағында заттарды орнатуға, сондай-ақ жол белгісі деп қабылдану мүмкін белгілерді немесе жол қозғалысы үшін қауіп төндіретін, қозғалысқа қатысушылардың көзін шағылыстыратын немесе назарын аударатын, олардың көрінуін немесе тиімділігін төмендетуі мүмкін жол қозғалысын реттеудің басқа да техникалық құралдарын жүргізуге рұқсат етілмейді.

Жол қозғалысын реттеуге қатысы жоқ плакаттар, транспаранттар орналасқан белгілерге, олардың кері беттеріне, бағдаршамдарға және тіректерге рұқсат етілмейді.

4.3 Белгілер және бағдаршамдар (шартты белгілер – В қосымшасының В.1-кестесі бойынша) олар арналған қозғалысқа қатысушылар ғана қабылдайтындай және қандай да бір кедергілермен жабылмайтындай (жарнама, жасыл екпелер, сыртқы жарықтандыру тіректері және т.б.), пайдалану ыңғайлылығын қамтамасыз ететіндей және олардың зақымдалуын азайтатындай орналастырылады.

4.4 Сыртқы жарнамаларды орналастыру кезінде ГОСТ 33027 және ҚР СТ 1633 талаптары орындалуы тиіс.

4.5 Қолданылуы уақытша сипаттағы себептерден болған жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары (жол-жөндеу жұмыстары, қозғалыстың маусымдық ерекшеліктері және т.б.) көрсетілген себептер жойылғаннан кейін дереу бөлшектелуі тиіс. Бұл ретте білгілер мен бағдаршамдарды тыстармен жабуға жол беріледі.

4.6 Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын егер оларды қолдану қажеттілігі жол қозғалысының нақты шарттарына негізделген болса, онда осы стандартта көзделмеген жағдайларда да қолдануға жол беріледі.

4.7 Оларды қолдану шарттары осы стандарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс өзгертін ақпараты бар көп позиялы басқарылатын жол белгілерін (табло) қолдануға жол беріледі.

4.8 Экспериментальдық мақсаттарда қолданыстағы мемлекетаралық және (немесе) ұлттық стандарттармен регламентелмеген жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын белгіленген тәртіппен қолдануға жол беріледі. Бұл ретте, қажетті жағдайларда қозғалысқа қатысушылар үшін осы техникалық құралдың мақсатын түсіндетін ақпарат берілуі тиіс.

4.9 Мектепке дейінгі білім беру орталығы, оқу орындары (ұйымдар, мекемелер) және адамдар көп жүретін жерлерде жақын орналасқан жаяу жүргіншілердің жол қозғалыстарын техникалық құралдарын реттеу құрылғысының типтік сызба-нұсқалары А.35-А.42 суреттерінде келтірілген. Жол қозғалыстарын ұйымдастырудың нақты сызбасын таңдау білім беру, оқу орындарының (ұйымдар, мекемелер) орналасқан жеріне байланысты іске асырылуға тиіс. Бұл ретте жергілікті жағдайларды, қажет болған жағдайда өзгерістерді енгізу бойынша шараларды қабылдау керек.

4.10 Теміржол өтпелерінің реттелетін және реттелмейтін жол қозғалыстарын реттеу техникалық құралдары [6] талаптарына сәйкес іске асырылуға тиіс. Теміржол өтпелерін жол қозғалысының реттеу құрылғыларын орнатудың типтік сызбалары А.44 – А.49 суреттерінде келтірілген.

5 Жол белгілерін қолдану ережелері

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Жол белгілерінің нөмірі, атауы және бейнесі Б-қосымшасында келтірілген

5.1.2 Белгілердің әрекеті жүру бөлігіне, трамвай жолдарына, велосипед немесе жаяу жүргін жолға немесе олардың үстіне қолданылады.

5.1.3 Жарықты қайтаратын беткейі бар белгілер стационарлық жарықтандырусыз жол учаскелерінде, ішкі және сыртқы жарықтандыруымен белгілер – стационарлық жарықтандыруымен жол учаскелерінде қолданылуы тиіс.

Жарық қайтаратын беткейі бар белгілер егер белгілер кемінде 100 м қашықтықтан көрінуді қамтамасыз ететін болса, стационарлық жарықтандыруымен жол учаскелерінде қолдануға жол беріледі.

5.1.4 Жолдың бір көлденең қиылысында қайталанбайтын белгілерді және қосымша ақпарат белгілерін (кестелер) есепке алмағана үш белгіден асырмай орнатуға жол беріледі.

Басымдық белгілері, ұсыным беретін және тыйым салатын жол белгілері ең маңызды болып табылады. Бір тіректегі (тірек, кронштейн және т.б.) әртүрлі топтардың белгілері мынадай тәртіппен орналасуы тиіс: сол жақта көлденең бойынша немесе жоғарыдан төмен бойынша – басымдылық белгілері; ескерту белгілері; ұйғарым белгілері; тыйым салу белгілері; ақпараттық-көрсеткіш белгілері; сервис белгілері.

Бір топтың белгілері топтағы нөмірдің реті бойынша бір тіректе орналасуы тиіс.

2.1, 2.4, 2.5 жол белгілерінің көлденең басқа белгілермен үйлесі кезінде олар басқа белгілерден сол жаққа, ал тік үйлесу кезінде – басқа белгілерден жоғары орналасуы тиіс.

5.1.5 Қиылыста орналасқан белгілерді қоспағанда жолда дәйекті түрде орнатылған белгілер елдімекендерден тыс кемінде 50 м қашықтықта, ал елдімекендерде – бір бірінен кемінде 25 м қашықтықта орналасуы тиіс.

5.1.6 Осы стандартпен арнайы келісілген жағдайлардан басқа жол белгілері жүру бөлігінен тыс және жол бойында жолдың оң жағында орнатылуы тиіс. Ондағы ақпараттың және жергілікті жағдайдың сипатын есепке ала отырып, белгілердің бір бағыттағы қозғалысы үшін екі және одан да астам жолағы бар жолдарда егер, олар жүргу бөлігінің оң жолағы бойынша қозғалатын үлкен габаритті көлік құралдарының себебінен жүргізушілерге уақтылы көрінбейтін болса қайталануы тиіс.

Қайталанатын белгілер егер, қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс үшін немесе жолдың жүру жағының үстінде екеуден аспайтын жолақ, сондай-ақ егер қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс үшін 3 және одан артық жолақ болса бөлу жолағында, ал ол болмағанда – жолдың сол жағында орнатылуы тиіс.

5.1.7 Жүру бөлігінің екі жағынан, ал жол бойы бар болған кезде – жүру бөлігінен бүйір орналасқан белгінің жиегіне жақындағанға дейін жер бедерінен қашықтық 0,5 м-ден 2,0 м дейін (А,29 а және б суретін қараңыз), ал 5.20.1, 5.21.1-5.27, 5.31 ақпараттық-көрсеткіш белгілерінің жиегіне дейін – 0,5 м-ден 5,0 м-ге дейін.

5.1.8 Қысылған жағдайларда (үзіліс, жартастардың кедір-бұдырлары, парапеттер және т.б.) жол бойында белгілерді орнатуға рұқсат етілмейді. Бұл ретте жүру бөлігінің екі жағы мен оған жақын жиектегі белгінің арасындағы қашықтық кемінде 1 м, ал орнату биіктігі – кемінде 2 м құрауы тиіс (А29 в суретін қараңыз).

5.1.9 Қоршау болмаған жағдайда жол бойында, сондай-ақ бөлу жолағында орналасқан белгілер ҚР СТ 1409 бойынша қауіпсіз тіректерде орнатылуы тиіс.

Белгі тірегі іргетасының жоғары бөлігі жол бойы, бөлу жолағының немесе ұнтақ берманың беткейімен ауыстырылып орнатылуы тиіс.

5.1.10 Жүру бөлігіндегі жұмыстарды жүргізу орындарында және ұйым жүйелеріндегі оперативтік өзгерістер кезінде ауыспалы тіректердегі белгілерді жүру бөлігінде орнатуға

жол беріледі. Уақытша белгілердің тіректері ені 0,20 м сары және қара түстермен кезектесетін көлденең жолақтармен боялуы тиіс. Бұл ретте, жолдардағы және (немесе) көшелердегі жол-жөндеу жұмыстарын ҚР СТ 2607 талаптарына сәйкес жүргізу керек.

Жол жұмыстарының өндірісі және қозғалыс бағытының уақытша өзгеруі орындарында қолданылатын уақытша жол белгілері ГОСТ 32945 бойынша флуоресценциямен III сыныптағы жарық қайтаратын материалды пайдаланумен сары фонда орындалады.

5.1.11 Осы стандартпен арнайы келісілмеген жағдайлардан басқа жол жабыны беткейіне (орнату биіктігі) дейін белгінің төменгі жағынан қашықтық (1.4.1 - 1.4.6 ескерту белгілерін және кестелерді есепке алмағанда):

- жолдан елдімекен пункттерінен тыс жиынды орнату кезінде – 1,5 м-ден 2,2 м-ге дейін, елдімекендерде - 2,0 м-ден 4,0 м-ге дейін;

- қауіпсіздік аралдарында және жолдың жүру бөлігінде – кемінде 0,6 м;

- әртүрлі көлемдегі көлік құралдарының көп қатарлы қозғалысы кезінде белгілердің тиісті көрінуін және электр көлігінің байланыс желісі мен жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары арасындағы қауіпсіздік аймағын (1,5 м) құруды қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты жүру бөлігінің үстінде орналастыру кезінде 5,0 м-ден 10,0 м дейін; жасанды имараттардың өту ғимараттарында белгілерді орналастыру кезінде, жол жабыны беткейінен имараттың өту ғимаратының төменіне дейін кемінде 5 м қашықтық кезінде олардың төменгі жиегінен шығып тұрмауы тиіс.

Жолдан бүйір орналасқан белгілерді орнату биіктігі жүру бөлігінің жиегінде жол жабынының бетімен анықталады.

Бір бірінң үстіне белгілерді орнату кезінде орнату биіктіні төменгі белгі бойынша анықталады.

Бір жол биіктігі бойында белгілерді орнату мүмкіндігінше бірдей болуы тиіс.

5.1.12 Бір корпуста орындалған белгілерді қоспағанда сол бір жүру бөлігінде өз әрекетін қолданатын және бір тіректе орнатылған көршілес белгілер арасындағы қашықтық 50 м-ден 200 м-ге дейінгіні құрауы тиіс.

5.1.13 Белгілер жоғары кернеу желісінің сымдарынан кемінде 1 қашықтықта орнатылмауы тиіс. Жоғары вольттық сызықтың бір аймағы шегінде сымдарда-созылударда белгілерді ілуге тыйым салынады.

5.1.14 Белгілер бейнелерінің типтік өлшемдері (3-кесте) ГОСТ 32945 сәйкес оларды қолдану жағдайларына байланысты таңдап алынуы тиіс. Егер қозғалыстың осы жағдайы үшін белгінің типтік өлшемі келісілмеген болса, жақын типтік өлшемнің белгілері қолданылуы тиіс.

Жеке жобалаудың ақпараттық белгілерінде жазылып берілген h_n биіктігін ҚР СТ 1125 немесе 1-кестеге сәйкес таңдап алады.

5.1.15 Жол жолағы 6 және одан астам елдімекендердің жолдарында, сондай-ақ жол жолағы 4 және одан астам автомагистральдарда және елдімекендерден тыс жол учаскелерінде ҚР СТ 1125 және ГОСТ 32945 бойынша дайындалған белгілер қолданылады.

Оларды қолдану жағдайларына байланысты белгілерді дайындау кезінде пайдаланылатын жарық қайтаратын материалдардың сипаттамалары ГОСТ 32945 (5-кесте) сәйкес болуы тиіс.

1-кесте. Жеке жобалау белгілерінде жазып берілген әріптердің биіктігі

Жазып берілген әріптің биіктігі h_n , мм	Белгіленген 5.22, 5.23, 5.24, 5.25, 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1, 5.21.2, 5.26, 5.27 белгілер	
	Елдімекендерден тыс	елдімекендерде
75, 100 немесе 150	бір жолақты жолдар	жергілікті мәндегі жолдар және көшелер, өту жолдары ауылдық жерлердегі жолдар және көшелер
150, 200 немесе 250	-	жүрдектерден басқа магистраль жолдар, магистраль көшелер
200, 250 немесе 300	екі немесе үш жолақты жолдар	жүрдек қозғалыстағы магистраль жолдары
300 немесе 400	төрт немесе одан көп жолақты жолдар	-
400 немесе 500	автомагистральдар	-

5.16 Сары-жасыл түсті жарық қайтаратын флуоресцентті үлбірі бар қалқандарда 1.20, 1.21, 5.16.1 және 5.16.2. белгілері қолданылады. Жол-көлік оқиғалары концентрациясы орындарындағы және қауіпті учаскелерде олардың туындауының алдын алу үшін, жаппай қиын орындарда, осы жолға және (немесе) көшеге тікелей жақын білім беру және балабақша ұйымдары (мекемелері) ауданындағы осындай қалқандарға басқа да белгілерді қолдануға жол беріледі.

5.2 Ескерту белгілері

5.2.1 Ескерту белгілерін қозғалысы сәйкесті жағдайға шараларды қабылдауды қажет ететін жолдың қауіпті учаскенің орналасуы және қауіптілік сипаты туралы қозғалысқа қатысушыларды ақпараттандыру үшін қолданылады.

5.2.2 Елдімекендерден тыс 3.1 - 1.4.6, 1.31.1 - 1.31.5, 1.32.1 - 1.32.3 белгілерінен басқа ескерту белгілері 150 м-ден 300 м-ге дейінгі қашықтықта, ал елдімекендерде қауіпті учаскенің басталуынан 50-ден 100 м-ге дейінгі қашықтықта орнатылуы тиіс.

Қажет болғанда (күрделі бұрылумен, бойлық жағынан бейіннің сынуымен, ғимаратпен және т.б. жүргізуден жасрын тұрған қауіпті учаскенің басталуы) осы жағдайда 7.1.1-кестесінде көрсетілетін өзге қашықтықтағы ескерту белгілерін орнатуға жол беріледі.

5.2.3 Егер ескерту белгісі мен қауіпті учаскені басталуы арасында қиылыс болса, осықиылыстың артында 7.1.1-кестесімен қайта ескерту белгісін орнатуға жол беріледі. Егер қауіпті учаскенің басталуы мен қиылыстың арасындағы қашықтық кемінде 20 м болса, онда қиылысатын жолда 7.1.3-кестесімен немесе 7.1.4 кестесімен қиылыстан 50 м қашықтықта сәйкесті белгіні орнатуға жол беріледі (А30 а және б- суретін қараңыз).

5.2.4 1.1, 1.2, 1.9, 1.10, 1.21 және 1.23 белгілері елдімекендерден тыс, ал 1.21, 1.23 – елдімекендерде қайталануы тиіс. Екінші белгі қауіпті белгі басталғаннан кемінде 50 м қашықтықта орнатылуы тиіс.

5.2.5 1.1. «Шлагбаумы бар темір жол өту жолы» және «Шлагбаумы жоқ теміржол өту жолы» белгісі сәйкесінше шлагбауммен жабдықталған немесе жабдықталмаған барлық теміржол өту жолдарының алдына орнатылады. Белгілер бір бағыттағы қозғалыс үшін екі және одан астам жолағы бар жолдарда, егер елдімекендерден тыс пункттерде өту жолының көріну қашықтығы кемінде 300 м, ал елдімекендерде кемінде 100 м босла бір жолақты жолдарда қайталануы тиіс. Теміржол өту жолдары арасындағы қашықтық 50 м және одан кем кезінде белгілер бірінші өту жолынла, ал қашықтық 50 м астам болса әрбір өту жолында орнатылады.

5.2.6 1.3.1 «Бір жолды темір жол» және 1.3.2 «Көп жолды темір жол» бір немесе екі және одан да астам жолдары бар темір жол арқылы сәйкесінше шлагбаумсыз барлық теміржол өту жолдарының алдына орнатылуы тиіс. Өту жолында бағдаршам

сигнализациясы болған кезде 1.3.1 және 1.3.2 белгілері бағдаршамы бар бір тірекке, ал ол болмаған жағдайда жақын рельстен кемінде 20 м қашықтықта орнатылуы тиіс.

5.2.7 1.4.1 - 1.4.6 «Темір жол өту жолдарына жақындау» белгілері әрбір өту жолының алдында жалпы пайдалану жолдарында елдімекендерден тыс, ал басқа жолдарда – өту жолының көріну қашықтығы кемінде 300 м кезінде орнатылуы тиіс.

1.4.1 - 1.4.3 белгілері жолдың оң жағына, ал 1.4.4 - 1.4.6 белгілері сол жағына орнатылуы тиіс. 1.4.1 және 1.4.4 белгілері 1.1 немесе 1.2 қозғалыс белгісінің барысы бойынша бірінші (негізгі және қайталанатын), 1.4.3 және 1.4.6 белгісі 1.1 немесе 1.2 екінші белгісімен, ал 1.4.2 және 1.4.5 белгісі өздігінен, 1.1 және 1.2 бірінші және екінші белгі арасындағы тең қашықтықта орнатылуы тиіс (А.31-суретін қараңыз).

1.4.1, 1.4.3, 1.4.4 және 1.4.6 белгілер 5.1.11-ға сәйкес биіктікте белгіленген 1.1 немесе 1.2 белгісімен орналасуы тиіс. 1.4.2 және 1.4.5 белгілері 1.4.1, 1.4.3, 1.4.4 және 1.4.6 белгілерін орнатудың тең биіктігіндегі биіктікте орнатылуы тиіс.

5.2.8 1.5 «Трамвай жолымен қиылысу» белгісі қиылыстан тыс трамвай жолдарымен жолдардың қиылысуы алдында, сондай-ақ жолдардың көріну қашықтығы кемінде 50 м кезінде трамвай жолдары өтуі арқылы қиылыстардың (аудандар) алдында орнатылуы тиіс.

Егер жол кемінде 20 м қашықтықта трамвай жолдарына параллель өтетін болса, онда 7.1.3 немесе 7.4-кестесімен 1.5 белгісі қиылыстан 50 м қашықтықта трамвай жолдарының жағына алып келетін жолмен қиылысу алдына орналасуы тиіс.

5.2.9 1.6 «Тең мәнді жолдардың қиылысуы» белгісі қиылыстың көріну елдімекен пункттерінен тыс кемінде 150 м, ал елдімекендерде кемінде 50 м қашықтағы кірулерде жолдардың мәндері бойынша тең қиылысу алдында орнатылуы тиіс.

1.6 белгісі сондай-ақ басымдылық белгілерінің көмегімен бұрын орнатылған жүру кезектілігі алып тасталған қиылысудың алдында орнатылуы тиіс.

5.2.10 1.7 «Дөңгелек қозғалыспен қиылыс» белгісі 4.3-белгісі орнатылған әрбір қиылыстың алдында елдімекеннен пункттерінен тыс, елдімекендерде көрінуі кемінде 50 м қашықтықтағы қиылыс алдында, сондай-ақ стационарлық жарықтануы жоқ әрбір қиылыс алдында орнатылуы тиіс.

5.2.11 1.8 «Бағдаршамдық реттеу» қозғалысы бағдаршаммен реттелетін әрбір қиылыс, жаяу жүргін немесе жол учаскесінің алдында, елдімекендерде бағдаршамның көрінуі кемінде 100 м қашықтық кезінде елдімекендерде, сондай-ақ бағдаршаммен реттелетін жаяу жүргінде немесе елдімекен қиылысында бірінші кіруден кейін алдында орнатылуы тиіс.

5.2.12 1.9 «Ажырату көпірі немесе бу өткелдері» белгісі барлық ажырау, ронтон (балқытылған) көпірлердің және бу өткелдерінің алдында орнатылуы тиіс.

5.2.13 1.10 «Жағалауға шығу» жағалауға немесе қандай да бір су қоймасының жағасына шығатын жолдардың учаскелері алдында орнатылуы тиіс. 1.10 белгісі жол қоршауының болуына тәуелсіз орнатылуы тиіс.

5.2.14 1.11.1 және 1.11.2 «Қауіпті бұрылыс» белгісі егер, жоспарда алдағы учаске (қауіпсіздік коэффициенті) үшін сипатқа ие жылдамдыққа қауіпті учаске бойынша өту кезінде жылдамдықтың қатынасы кемінде 0,6 болса, қисықтың алдына, сондай-ақ жоспарда қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көрінудің ең аз қашықтығынан аз жол учаскесінің алдағы қисығы үшін сипатқа ие жылдамдық кезінде қарама-қарсы автомобильдің көріну қашықтығындағы қисықтардың алдына орналасуы тиіс (2-кестені қараңыз).

ҚР СТ 1412-2017

2-кесте. Осы жылдамдық кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көрінудің ең аз қашықтығы

Қозғалыс жылдамдығы, км/сағ.	30	40	50	60	70	80	90	100	110	120
Көрінудің ең аз қашықтығы, м: - карама-қарсы автомобильдің;	90	110	130	170	200	250	300	350	400	450
- кедергілер алдында тоқтау үшін	45	55	75	85	125	150	175	200	225	250

Ескертпе:
1 Салынып жатқан жолдар үшін сәйкесті 70 % есептік жылдамдығының жылдамдығы, ал пайдалану жолдары үшін – осы учаскеде көлік құралдарының 85 % аспайтын жылдамдық қабылданады.
2 Карама-қарсы автомобильдің көріну қашықтығы деп 1,2 м биіктікте (жеңіл автомобиль жүргізушісінің көз деңгейі) жүру бөлігі деңгейінің үстінен 1,2 м биіктіктегі затты көруге болатын қашықтық саналуы керек.
3 Тоқтау үшін көріну қашықтығы деп 1,2 м биіктікте (жеңіл автомобиль жүргізушісінің көз деңгейі) қозғалыстың жолағы ортасындағы кемінде 0,2 м биіктікте кез келген заттардың көрінуін қамтамасыз ететін қашықтық саналуы керек.

5.2.15 1.12.1 және 1.12.2 «Қауіпті бұрылыс» белгілері егер, 5.2.14-талаптарына сәйкес олардың ішінен біріншісінің алдына сәйкесінше 1.11.1 немесе 1.11.2 белгісі және көршілес қисықтар арасында кемінде 300 м қашықтық орнатылуы тиіс болса, жоспарда екі және одан астам бір бірін ілестіретін қисықтардың алдына орнатылуы тиіс.

Жоспарда көршілес қисықтар арасындағы қашықтық бір бірін ілестіретін қисықтардың соңы мен басталуы арасында – дөңгелек немесе өтпелі анықталады.

Үш және одан да астам бір бірін ілестіретін қисықтар кезінде жоспарда 1.12.1 және 1.12.2 белгілерімен 7.2.1-кестесін қабылдау керек.

5.2.16 1.13 «Күрделі төмен түсу» және 1.14 «Күрделі жоғары көтерілу» белгілері егер еңістің сәйкесті шамасы кезінде еңісте жол учаскесінің ұзындығы 3-кестеде көрсетілгеннен артық болса, сәйкесінше түсу немесе көтерілу алдында орнатылуы тиіс.

3-кесте. Еңістің шамасына байланысты 1. 13 және 1. 14 белгілерін орнату кезінде еңістегі жол учаскесінің ең аз ұзындығы

Еңіс, %	Еңістің ұзындығы, м	Еңіс, %	Еңістің ұзындығы, м
40	600	70	300
50	450	80 және одан астам	270
60	350		

Егер, түсулер мен көтерілулер бір бірінен кейін болса, 1.13 және 1.14 (7.1.1-кестесінсіз) түсу немесе көтерілу басталуы алдында тікелей жақын орнатуға жол беріледі.

Егер түсу немесе көтерілу учаскесі оның ұзындығы бойы қаралмайтын болса немесе оның ұзындығы 0,5 км артық болса, 1.13 немесе 1. 14 белгілерімен 7. 2. 1-кестесін қабылдау керек.

5.2.17 1.15 «Тайғақ жол» ылғалды жағдайда жабумен шиналарды біріктіру коэффициенті кемінде 0,3 жол учаскелерінің алдына орнатылуы тиіс.

5.2.18 1.16 «Тегіс емес жол» белгісі Жылдамдық бойынша жол қозғалысы ережелерімен [4] рұқсат етілген көлік құралдары қозғалысын қиындататын жабындары (шұңқырлар,көпір имараттарымен өтудің теңгерімсіз ұштасуы, толқындылық және т.б.) зақымдалған жолдардың учаскелері алдына орнатылады.

1.16.1 «Жасанды кедір-бұдыр» белгісі жылдамдықты мәжбүрлеп төмендету үшін жасанды кедір-бұдыр алдында орнатылады (А17-суретті қараңыз).

Егер тізбекті орналасқан кедір-бұдырлар арасындағы қашықтық кемінде 100 м құрайтын болса, белгі бірінші жасанды кедір-бұдырдың алдында орнатылады.

5.2.19 1.17 «Қиыршық тастарды шығару» белгісі көлік құралдары дөңгелектерінен қиыршық тастардың, тастардың шығарылуы мүмкін жетілдірілген жабынымен жолдардың учаскелері алдына орнатылуы тиіс.

5.2.20 1.18.1 - 1.18.3 «Жолдардың қысқаруы» белгісі өту бөлігінің ені 0,5 м асырмай кішірейетін жол учаскелерінің алдына елдімекендер пункттерінен тыс, ал елдімекендерде – өту бөлігінің ені бір немесе одан астам жолаққа кішірейетін жол учаскелерінің алдына орнатылуы тиіс.

Елдімекендерден тыс белгі егер, өту бөлігінің ені оған қолданылатын тәсілдерге қарағанда жасанды имарат шегінде тең немесе аз болса, ал елдімекендерде егер, өту бөлігінің ені оған қолданылатын тәсілдерге қарағанда жасанды имараттың шегінде аз болса көпірлердің, жол өткелдерінің, эстакадтардың және тоннельдердің алдына орнатылуы тиіс.

1.18.2 белгісі көтерілуде екпіндеу жолағының және қосымша жолақтың аяқталу орындарында орнатылуы тиіс.

5.2.21 1.19 «Екіжақты қозғалыс» белгісі егер оларға бір жақты қозғалыс учаскесі кездескен болса, екі жақты қозғалыспен жолдың учаскелері алдында (өту бөлігі) орнатылуы тиіс. 1.19 белгі 5.6 белгісін қолдануға тәуелсіз қолданылуы тиіс.

1.19 белгісі, егер 5.5-белгісімен белгіленген жол Т-тәрізді қиылыста, дөңгелек қозғалысымен немесе ауданымен қиылыста аяқталса, қолданылмауы тиіс. Екіжақты қозғалысымен жолдарға олардың жалғасуы кезінде әртүрлі деңгейлерде көлік тораптарымен сьездерде 1.19-белгісі қолданылмайды.

5.2.22 1.20 «Жаяу жүргін жолы» елді мекендер пункттерінен тыс реттелмейтін жаяу жүргін жолдарымен 1.14 белгінің және (немесе) барлық белгіленген 5.16.1, 5.16.2-белгілерінің алдына, ал елдімекендерде көріну қашықтығы кемінде 50 м қашықтықтағы өту жолдарының алдына орнатылуы тиіс.

1.20-белгісі қиылыстарда орналасқан жаяу жүргін жолдарының алдына орнатпайға жол беріледі.

5.2.23 1.21 «Балалар» белгісі осы жолға тікелей жақын балалар мекемелерінің (мектеп, сауықтыру лагерьлері және т.б.) аумақтарынан шығу жолы бар жолдар учаскелерінің алдына орнатылуы тиіс.

1.21-белгі қайталануы тиіс. Бірінші белгі қауіпті учаске басталғаннан 100 м қашықтықта, ал екіншісі – кемінде 50 м қашықтықта орнатылуы тиіс. Қайталау белгісімен балалар мекемесінің аумағына тікелей жақын жолдар учаскесінің ұзақтығын көрсететін 7. 2. 1-кестесі қолданылуы тиіс.

5.2.24 1.22 «Велосипед жолымен қиылыс» белгісі егер олар қиылыстардан тыс орналасқан болса, жолмен 4. 5-белгісімен белгіленген велосипед жолымен қиылыстарының алдына орнатылуы тиіс.

5.2.25 1.23 «Жол жұмыстары» белгісі егер жаяу жүргіншілер бұл ретте жүру бөлігіне шығатын болса, жүру бөлігіндегі, жол бойындағы немесе жолдың ажырату жолағындағы жұмыстардың кез келген түрлерін жүргізу орындарының алдына орнатылуы тиіс. Қысылған жағдайларда, сондай-ақ елдімекендерде 1.23-екінші белгі жұмыстарды жүргізу учаскесінің басталуына тікелей орнатуға жол беріледі, бұл ретте учаске басталуы деп бағыттталатын немесе қоршайтын құрылғыны бірінші қозғалыс саналуы керек.жерасты инженерлік желілердің профилактикалық қарау құдықтарымен немесе өту бөлігінің жиналуымен байланысты қысқамерзімді жұмыстарды өткізу кезінде жұмыстарды жүргізу орнынан 10 м-ден 15 м-ге дейінгі қашықтықта өткізілген тіректе 1.23- бір белгісінің қондырғысына жол беріледі.

Егер жол жұмыстары жүргізілетін жол учаскелерінің алдында басқа да белгілер қолданылатын болса, онда 1.23-белгісі елдімекендер пункттерінен тыс 5.34.1-белгісін қолданылған жағдайдан басқа қозғалыс бірінші орнатылуы тиіс.

ҚР СТ 1412-2017

5.2.26 1.24 «Малдарды айдау» белгісі мал аулаларына жақын өтетін жолдардың учаскелері, фермалары алдына және жолдың өту бөлігі арқылы малды ұйымдасқан айдау орындарында орнатылуы тиіс.

5.2.27 1.25 «Жабайы хайуанаттар» белгісі егер оларда жабайы жануарлардың пайда болуы мүмкін және 7.2.1- кестесі қолданылатын болса, қорықтар, аң шаруашылығы, орман массивтері және т.б. жол учаскелері аумағы бойынша өтетіндердің алдына орнатылуы тиіс.

5.2.28 1.26 «Тастардың түсуі» белгісі түсу, көшкін, қар тасқыны және тас тасқыны болуы мүмкін жолдардың учаскелері алдына орнатылуы тиіс.

5.2.29 1.27 «Бүйір жел» белгісі қатты бүйір жел соғуы мүмкін тау өту жолы, жоғары жағалау, көпірлер, жолөткелдері, шатқал маңы және өзен және т.б. бойынша өтетін жолдар учаскелерінің алдына орнатылуы тиіс.

5.2.30 1.28 «Төмен ұшатын ұшақтар» белгісі ұшақтар немесе тікұшақтар ұшатын кіші биіктіктік үстіндегі жолдар учаскелерінің әуежайларына жақын өтетіндердің алдына орнатылуы тиіс.

5.2.31 1.29 «Тоннель» белгісі жасанды жарығы жоқ тоннельдердің алдына, сондай-ақ кіру порталы жергілікті кедір-бұдыр себебінен кемінде 150 м қашықтықта көрінетін туннельдердің алдына орнатылуы тиіс.

Егер тоннельге кіру жолында қарама-қарсы соңы көрінбесе, 1.29-белгісімен 7.2.1-кестесін қолдану керек.

5.2.32 1.30 «Басқа да қауіптер» белгісі қауіптілік түрі ҚР СТ 1125 бойынша ескерту белгілері көрсетілмеген жолдардың қауіпті учаскелерінің алдына орнатылуы тиіс.

5.2.33 1.31.1, 1.31.2, 1.31.4, 1.31.5 «Бұрылыс бағыты» белгілері егер қисыққа жақындаған кезде бұрылыс бағытын анықтау қиын болса, көрінуі шектеулі кіші радиустың жоспарында қисықтарға бұрылыс бағытын көрсету үшін қолданылуы және бұрылысқа қозғалысты жүзеге асыру бойынша жолақтар (жолақ) осының жалғасында қисықтың сыртқы жағына орнатылуы тиіс.

Дөңгелек қозғалыспен қиылыста 1.31.1-белгісі сәйкесті кіру жолына қарама-қарсы орталық аралға орнатылуы тиіс. Қиылыстың стационарлық жарықтануы болған кезде белгінің орнатпауға рұқсат етеледі.

1.31.1,1.31.2, 1.31.4, 1.31.5-белгілері 1 м-ден 1,5 м-ге дейінгі биіктікте орнатылуы тиіс.

5.2.34 1.31.3 «Бұрылыстың бағыты» белгісі егер тік бағытта өту жолында қауіптілік болса, Т-тәрізді қиылыстарда және айрықты жолдарда орнатылуы тиіс.

Т-тәрізді қиылыстарда 1.31.3-белгісі жалғасы жоқ өту жолына қарама-қарсы орнатылуы, айрықты жолдарда жолдардың өту бөлігі айрықталатын орынның асып тікелей орнатылуы тиіс.

1.31.3 белгісі 1 м-ден 1,5 м-ге дейінгі биіктікте орнатылуы тиіс.

5.2.35 1.31.1 - 1.31.3-белгілері жол жұмыстарын жүргізу орындарында қоршалған учаскені айналып өту бағытын қосымша көрсету үшін қолдануға жол беріледі.

5.2.36 1.31.4 және 1.31.5 «Бұрылыс бағыты» белгілері сақина диаметріне және қисық радиусқа байланысты бір біріне,, 4-кестеде көрсетілген қашықтықта жоспарда сыртқы жақтан қисықтарда және ішкі жақтан айналмалы жолдың барлық периметрі бойынша орнатылуы тиіс. 1.31.1 және 1.31.2-белгілерінің орнына 1.31.4 және 1.31.5-белгілерін қолдануға жол беріледі (А.1 және А.2-суреттерін қараңыз).

4-кесте. Екі белгінің арасындағы қашықтық

Радиус қисықтығы, м	Екі белгі арасындағы қашықтық, м
кемінде 60	5-8
60	8-15
150	15-25
300	25
600	25

1.31.4 және 1.31.5-белгілері барлық кезде топтарға қойылады – көлік құралдарының қозғалысының перпендикуляр бағытына бағытталған ең аз дегенде үш белгі.

1.31.4 және 1.31.5-белгілер сондай-ақ жолдардың қысқару аймақтарында, жөндеу жұмыстарын жүргізу орындарында және жолдардың бағыты туралы қосымша ақпарат беру қажет басқа да орындарда қозғалысты басқару үшін де пайдалануға болады.

5.2.37 1.32.1 - 1.32.3 «Кедергілерді айналып өту» жол қозғалысына қатысушыларға олардың көрінуін арттыру мақсатында тірек элементтерін, көпірлерді, жол өткелдерін, қоршауларды, өту бөлігінің жиегін және басқа да жол имараттарын және жол элементтерін белгілеу үшін қолданылады (А.19-суретті қараңыз).

1.32.1 -1.32.3-белгілері өту бөлігіндегі әртүрлі қауіптерді және қауіпсіздік аралдарын айналып өтуді белгілеу үшін қолданылады.

1.32.1 - 1.32.3-жол белгілерін 4.2.1 - 4.2.3-белгілерімен біріктіруге жол беріледі (А.22-суретті қараңыз).

5.2.38 1.33 «Қауіпті жол бойы» белгісі жол бойына шығу қауіпті екені туралы ескертеді. Елдімекен пункттерінен тыс қауіпті учаске басталғанға дейін 150 м-ден 300 м-ге дейінгі қашықтықта, елдімекендерде және тұрғын үй аймақтарында 50 м-ден 100 м-ге дейінгі қашықтықта орнатылады. Қажет болғанда осы жағдайда 7.1.1-кестесінде көрсететін өзге де қашықтықтағы белгіні орнатуға жол беріледі.

5.2.39 1.34 «Кептеліс» белгісі өтетін бөлікте кептелу болуы мүмкіндігі туралы ескертеді. Барлық елдімекен пункттері 150 м-ден 300 м-ге дейін қашықтықта, ал елдімекендерде қауіпті учаске басталғанға дейін немесе оған жетпей жүргізуші кептіліс жерді айналып өте алатындай етіп өту алдында 50 м-ден 100 м-ге дейінгі қашықтықта орнатылады. Қажет болғанда осы жағдайда 7.1.1-кестеде, сондай-ақ 7.5.3-7.5.7 кестелерінде үйлестіріп көрсетілетін өзге де қашықтықта белгіні орнатуға жол беріледі.

5.3 Басымдылық белгілері

5.3.1 Басымдылық белгілері қиылыстардың реттелмейтін өту кезектілігін, жекелеген өтетін бөліктердің қиылысын, сондай-ақ жолдардың тар учаскелерін көрсету үшін қолданылады.

5.3.2 2.1 «Басты жол» белгісі жолдың реттелмейтін қиылыстардан өтетін басым құқығын белгілеу үшін қолданылуға және жолдың бағында орнатылуға тиіс. Елді мекендерде 2.1 белгісі әрбір қиылыстың алдында қайталануға тиіс. Басты жол тура бағытта өтетін, ал қиылысатын жолда төртеуден артық жолақ болатын болса, қиылыстар алдынан өлшемі 350*350 мм 2.1 белгісін орнатуға жол беріледі.

Әртүрлі деңгейдегі қиылысуларға кіретін жерлер алдынан 2.1 белгісін қайталамауға жол беріледі.

Басты жол бағытын өзгертетін қиылыстар, сондай-ақ жоспарлануы қиын қиылыстар алдынан 2.1 белгісі 7.13 кестелігімен елді мекендерден тыс 150 м бастап 300 м дейінгі арақашықтықта, ал елді мекендерде қиылыстан 50 м бастап 100 м дейінгі арақашықтықта орнатылуға тиіс (А.34 а суреті).

5.3.3 2.2 «Басты жолдың шеті» белгісі 2.1 белгімен белгіленген жолдың шетін

ҚР СТ 1412-2017

белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Егер 2.1 белгісімен белгіленген жол аталған қиылыстан өтетін жолдың басым құқығы берілетін жолмен қиылыстың алдынан аяқталатын болса, онда 2.2 белгісі елді мекендерден тыс алдын ала 7.1.1 немесе 7.1.2 кестелігімен орнатылған 2.4 белгісімен үйлестірілуге, елді мекендерде - 2.4 немесе 2.5 белгісімен бірге үйлестірілуге тиіс. Елді мекендерден тыс 2.2 белгісін 2.4 немесе 2.5 белгісімен бірге қайта орнатуға, ал елді мекендерде - 7.1.1 кестелігімен алдын ала орнатуға жол беріледі (А.34 б сурет).

5.3.4 2.3.1 «Жанама жолмен қиылысу», 2.3.2 - 2.3.7 «Жанама жолмен жанасу» белгілері жүргізушілердің басым өтетін жер құқығы болатын қиылыстарды белгілеу үшін 2.1 белгісімен белгіленетін жолдарда елді мекендерден тыс қолданылуға тиіс.

2.3.4 - 2.3.7 белгілері егер басты ось пен екінші дәрежелі жолдар арасындағы бұрыш кемінде 60° кем болса, орнатылуға тиіс.

Өртүрлі деңгейдегі жолдар қиылысына кіретін жерлердің алдынан 2.3.2 - 2.3.7 белгілерін орнатуға рұқсат етіледі. 2.3.1-2.3.7 белгілері қиылыстан 150 м бастап 300 м дейінгі арақашықтықта орнатылуға тиіс.

Қажет болған кезде 2.3.1 - 2.3.7 белгілерін осындай жағдайда 7.1.1 кестелігінде көрсетілетін өзге арақашықтықтан орнатуға жол беріледі.

5.3.5 2.4 «Жол беріңіз» белгісі жүргізушіге қиылысатын жолда қозғалып келе жатқан көлік құралдарына, ал 7.13 кестелігі болған кезде - басты жолда келе жатқан көлік құралдарына жол беруге тиіс екендігін көрсету үшін қолданылуға тиіс.

2.4 белгісі 2.1 немесе 2.3.1-2.3.3 белгілерімен аталған қиылыстан басым өту құқығы ұсынылатын жолға шығар алдында, сондай-ақ автомагистральға шығулар алдында тікелей орнатылуға тиіс. Егер көлік құралдары қиылыстан басым өту құқығын пайдаланылатын жолдың оған шығатын жерлерде екпіндеу жолағы болатын болса, онда 2.4 белгісі осы жолақтың басында орнатылуға тиіс.

Басты жол бағытын өзгертетін қиылыстар, сондай-ақ күрделі жоспарланатын қиылыстар алдында 2.4 белгісі 7.13 кестелігімен орнатылуға тиіс.

2.4 белгісін орман жолдарынан, далалық жол қаптамаларымен және қаптамасыз басқа жолдардан жолға шығулар алдынан, сондай-ақ жолға гараж, май құятын стансалар аумағынан, демалыс алаңдары мен жолға іргелес аумақтардан шығатын орындарда орнатуға жол беріледі

7.1.1 немесе 7.1.2 кестелігімен 2.4 белгісін қаптамасыз жолдарды қоспағанда, елді мекендерден тыс жолдарда егер қиылыстың алдынан тиісінше 2.4 немесе 2.5 белгісі орнатылған болса, қиылыстан 150 м бастап 300 м дейінгі арақашықтықта алдын ала орнатылуға тиіс. Қалаларда қиылыстан (50-100) м арақашықтықта 7.1.1 немесе 7.1.2 кестелігімен 2.4 белгісін алдын ала орнатуға рұқсат етіледі.

5.3.6 2.5 «Тоқтаусыз қозғалуға тыйым салынған» белгісін жүргізушінің тоқтауға және қиылысатын жолда қозғалып келе жатқан көлік құралдарына, ал 7.13 кестелігі болатын кезде - басты жолда қозғалып келе жатқан көлік құралдарына жол беруге тиіс екендігін көрсету үшін қолдану керек.

2.5 белгісі егер қиылысатын жолда жақындайтын көлік құралдарының көрінуі қамтамасыз етілмеген болса, 5.3.5 сәйкес орнатылуға тиіс немесе жол берілетін жерлерде 2.4 белгісі орнатылуға тиіс. 2.5 белгісі тоқтаған көлік құралы жүргізушісі үшін қиылысатын жолдың көрінуі қамтамасыз етілген жерде орнатылуға тиіс.

2.5 белгісін егер өтетін жерден жолдың көрінетін арақашықтығына тең арақашықтықта болатын жүргізуші өтетін жерден 50 м артық болмайтын арақашықтықта келе жатқан поезды, сондай-ақ өтетін жерде жұмыстар жүргізіліп жатқан кезде көрсе, күзетілмейтін темір жол өтулерінің алдынан орнатуға жол беріледі. Белгі мұндай жағдайда жақын рельстен 10 м арақашықтықта орнатылады. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көлік құралынан поездың минималды көріну арақашықтығы осы

стандарттың 5- кестесінде берілген.

2.5 белгісін темір жол өтуінің алдынан орнатқан кезде алғашқы 2.4 белгісі 7.1.2 кестелігімен орнатылмауға тиіс.

Арнайы карантин бекеттерінде және стационарлық полиция бекеттерінде, сондай-ақ арнайы іс-шараларды жүргізу кезінде 2.5 белгісін орнатуға жол беріледі.

5-кесте. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көлік құралынан поездың минималды көріну арақашықтығы

Поездың қозғалу жылдамдығы, сағ/км	121 - 140	81-120	41-80	26-40	25 и менее
Көріну арақашықтығы, м, кем емес	500	400	250	150	100
<p>1-ескертпе: Қозғалыс жылдамдығы ретінде өтетін жерге келулерде белгіленетін поездың максималды жылдамдығын қабылдайды.</p> <p>2-ескертпе: Өтетін жерлерде салынып жатқан және жаңартылатын жолдарды жобалаған кезде 5-кестеде көрсетілгеннен кем болмайтын өтетін жердің алдында тоқтауға арналған арақашықтықта болатын автомобиль жүргізушісіне өтетін жерден 400 м кем болмайтын арақашықтықта болатын поездың өтетін жеріне жақындау көріну қамтамасыз етілуіне тиіс.</p>					

5.3.7 2.3.1-2.3.3, 2.4 және 2.5 белгілерін маңызы бірдей жолдар қиылысынан өту кезегінен ерекшеленетін өтетін жердің кезектілігін белгілеу қажет болатын жеке қиылыстарды белгілеу үшін қолдануға жол беріледі. Егер осындай қиылыста басты жол бағытын өзгертетін болса, онда оған қиылыстың алдынан 7.13 кестелігімен 2.1 белгісі, ал қиылыстан кейін - 2.2 белгісі орнатылуға тиіс.

5.3.8 Реттелетін қиылыстарда 2.1, 2.4, 2.5 белгілерін негізгі бағдаршамнан тікелей жақындықта, дұрысы, бағдаршам тіреуіне орналастыру керек.

5.3.9 2.6 «Қарсы қозғалыстың басым сипаты» белгісі онда немесе оған кіреберістерде қарсы көлік құралдары болатын кезде жолдың тар учаскесіне шығуға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.3.10 2.7 «Қарсы қозғалыс алдындағы басым сипат» белгісі жүргізушінің қарсы келе жатқан көлік құралына қатысты басымдықты пайдаланатын қозғалыс кезінде жолдың тар учаскесін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.3.11 2.6 және 2.7 белгілерін қарсы жол айырығының өздігінен реттелуін және барлық учаскенің және жолдың тар учаскесінің әр шетінен оған қарама-қарсы кіретін жолдың көрінуін қамтамасыз ететін қозғалыс қарқыны кезінде көлік құралдарының қарсы жол айырығы мүмкін емес немесе қауіпті (жолдың тар учаскелері, көпірлер және т.с.с.) болатын жерлердегі қозғалысты ұйымдастыру үшін қолдану керек.

Бойлық көлбеуі болатын жол учаскелерінде өрге қарай қозғалып келе жатқан көлік құралдарына басымдық берілуіне тиіс.

Жасанды имараттар алдында 2.6 және 2.7 белгілері 6 м кем екі жақты қозғалыс іске асырылатын өтетін жердің ені кезінде орнатылуға тиіс.

2.5 және 2.7 белгілері жолдың тар учаскесінің алдынан оның қарама-қарсы шеттерінен тікелей, ал 7.1.1 кестелігі болатын 2.6 белгісі және алдын ала - 1.18 белгісімен бір тіреуде орныталуға тиіс.

5.4 Тыйым салатын белгілер

5.4.1 Тыйым салатын белгілерді қозғалыс шектеулерін енгізу немесе оларды жою үшін қолданады.

5.4.2 Тыйым салатын белгілер, осы стандартта арнайы сөз болатын жағдайлардан басқа, тиісті шектеулер енгізілуі қажет жол учаскелерінің алдынан тікелей орнатылуға тиіс.

ҚР СТ 1412-2017

5.4.3 3.1 «Кіруге тыйым салынған» белгісі мынадай жағдайларда барлық көлік құралдарының кіруіне тыйым салу үшін қолданылуға тиіс:

- бір жақты қозғалыс болатын жол учаскелерінде көлік құралдарының қарсы қозғалысын болдырмау үшін, бұл ретте бір-бірінен гүлзарлар немесе сәл көтерілген бөлу жолағымен алыстатылған бірнеше бөліктері болатын жолдарда 3.1 белгісін бір жақты қозғалыс болатын әрбір өтетін бөлікте орнатуға рұқсат етіледі;

- 5.10.1 белгісімен белгіленген жолдардағы жалпы ағынға көлік құралдарының қарама-қарсы кіруін болдырмау үшін;

- жолдың жекелеген учаскелерінде транзитті қозғалысты болдырмас үшін;

- көлік құралдарының тұрағына арналған алаңдарда, демалыс алаңдарында, май құю стансаларында және т.с.с. бөлек кіру және шығуды ұйымдастыру үшін;

- жеке қозғалыс жолағына кіруге тыйым салу үшін, бұл ретте 3.1 белгісі 7.14-кестелігімен бірге қолданылуға тиіс.

Бір жақты қозғалыс іске асырылатын әртүрлі деңгейлердегі айырықтардың бір жолақты кіретін жерлерінде 3.1 белгісін солынан орналастыруға жол беріледі. Қиылыстар арасындағы жол учаскесінде 3.1 белгісін орнатқан кезде учаскенің басына 7.1.1 кестелігімен бастапқы 3.1 белгісі орнатылуға тиіс.

7.3 және 7.4 кестеліктерімен 3.1 белгісін қолдануға рұқсат етілмейді.

5.4.4 3.2 «Қозғалысқа тыйым салынған» белгісі жолдың жекелеген учаскелерінде барлық көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.5 3.3 «Механикалық көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынған» белгісі барлық механикалық көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.6 3.4 «Жүк автомобильдерінің қозғалысына тыйым салынған» белгісі 3,5 т (егер белгіде масса көрсетілмесе) рұқсат етілген максималды массасы немесе кестеде көрсетілгеннен артық рұқсат етілген массасы болатын жүк автомобильдері мен көлік құралдарының құрамының (тіркемесі немесе жартылай тіркемесі болатын жүк автомобилі), сондай-ақ барынша кернелген жолдарды немесе елді мекендердің жекелеген аудандарына жүкті түсіру мақсатында тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

Көлік құралдары құрамының рұқсат етілген максималды массасы ретінде жүк автомобилінің рұқсат етілетін максималды массасы және тіркеме немесе жартылай тіркеменің рұқсат етілетін максималды сомасын қабылдау керек.

3.4 белгісінің қолданысы ернеулерінде көлбеу ақ жолағы болатын немесе адам топтарын тасуды жүргізетін жүк автомобильдеріне таралмайды.

Өтетін бөліктің жекелеген жолақтары бойынша жүктавтомобильдерінің қозғалысына тыйым салу үшін 7.14-кестелігімен 3.4-белгісі қозғалыс тыйым салынатын жолақтың үстіне тікелей орналасады.

5.4.7 3.5 «Мотоциклдердің қозғалысына тыйым салынған» белгісі мотоциклдердің қозғалысына тыйым салу үшін, 3.6 «Тракторлардың қозғалысына тыйым салынған» белгісі - тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың қозғалысына тыйым салу үшін, 3.7 «Тіркемесі бар көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынған» белгісі - кез келген типтегі тіркемесі немесе жартылай тіркемесі бар жүк автомобильдері мен тракторлардың қозғалысына, сондай-ақ механикалық көлік құралдарын барлық сүйреп-тартуларға тыйым салу үшін, 3.8 «Дауысы қатты көлік-арбалардың қозғалысына тыйым салынған» белгісі-дауысы қатты көлік-арбалардың (шана), малдарды ерттеп немесе қамшымен қозғалысына, сондай-ақ мал айдауға тыйым салу үшін, 3.9 «Велосипедпен қозғалуға тыйым салынған» белгісі - велосипедтер мен мопедтерде қозғалуға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.8 3.2-3.9 белгілері тиісті көлік құралдары түрлерінің қозғалысына тыйым

салынатын жерлерде жол учаскесі немесе аумақтың әрбір кіретін жеріне орнатылуға тиіс, бұл ретте жолға қапталдан шығулар алдынан белгілер 7.3.1-7.3.3 кестеліктердің бірімен бірге қолданылуға тиіс.

5.4.9 3.10 «Жаяу жүргіншілердің қозғалысына тыйым салынған» белгісі оған жол берілмейтін жердегі (жаяу жүргіншілер жолдары және тротуарлар болмайтын көлік туннельдері, көпірлер, өтпезолдар, эстакадалар, жөнделетін жол учаскелері және т.с.с.) жол учаскелерінде жаяу жүргіншілердің қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға және тыйым салу енгізілетін жол жағында орнатылуға тиіс.

5.4.10 3.11 «Массаны шектеу» белгісі көлік құралдарының, оның ішінде жалпы нақты массасы (жолаушылар және жүктің массасын қоса алғанда) көтергіштік қабілеті шектелген жасанды имараттар (көпірлер, өтпезолдар және т.с.с.) арқылы белгіде көрсетілгеннен артық тіркемелері немесе жартылай тіркемелері болатын тартқыштардың қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

Белгіде арнайы зерттеулер мен сынақтар деректері бойынша жасанды имараттың нақты көтергіштік қабілетіне байланысты анықталатын рұқсат етілетін масса көрсетілуге тиіс.

5.4.11 3.12 «Оське түсетін жүктемені шектеу» белгісі кез келген оське түсетін жүктемесі белгіде көрсетілгеннен көп көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.12 белгісінде аталған уақыт кезеңінде жол төсемінің нақты көтергіштік қабілетіне байланысты анықталатын оське түсетін рұқсат етілетін жүктеме көрсетілуге тиіс.

5.4.12 3.13 «Биіктікті шектеу» белгісі габаритті биіктігі егер жол қаптамасының бетінен бастап жасанды имараттың аралық құрылымының, электр берілісі желілерінің және т.с.с. түбіне дейінгі арақашықтық 5 м кем болса, белгіде көрсетілгеннен көп (жүкпен немесе жүксіз) көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.12 белгісінде көрсетілетін биіктік шын мәнінде (0,2-0,4) м кем болуға тиіс, оның ішінде автомобиль жолы немесе темір жол өтетін өтпезолдар үшін, тиісінше, 0,3 м немесе 0,4 м. Нақты немесе көрсетілетін биіктік арасындағы айырмашылықты жол қаптамасының біркелкілігіне байланысты арттыруға жол беріледі.

3.13 белгісін жасанды имараттың аралығына, ал олардың алдында габаритті қақпалар болса - қақпаларға қайтадан орнатуға жол беріледі.

5.4.13 3.14 «Енін шектеу» белгісі, егер туннельдегі (туннельде, жасанды имараттың астында және т.с.с.) өтетін жолдың ені 3,5 м кем болса, габаритті ені белгіде көрсетілгеннен көп (жүкпен немесе жүксіз) көлік құралдарының қозғалысын шектеу үшін қолданылуға тиіс.

3.14 белгісінде көрсетілетін ені шын мәнінде 0,2 м аз болуға тиіс.

3.14-белгісін тікелей аралықта немесе жасанды имараттың тіреуінде қайта орнатуға жол беріледі.

5.4.14 3.15 «Ұзындықты шектеу» белгісі габаритті ұзындығы олардың қарсы келе жатқан көлік құралдарымен қозғалысы немесе айырығы қиындайтын жердегі (өтетін жері тар жол учаскелері, тар құрылыс, тік бұрылыстар және т.с.с.) жол учаскелеріндегі белгіде көрсетілгеннен көп (жүкпен немесе жүксіз) көлік құралдарының (көлік құралдарының құрамдары) қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.15 3.11-3.15 белгілерінің біреуін учаскенің басындағы қиылыстар арасындағы учаскеде орнатқан кезде 7.1.1 кестелігімен осындай бастапқы белгі орнатылуға тиіс.

5.4.16 3.16 «Минималды аралықты шектеу» белгісі қозғалатын көлік құралдарының арасында белгіде көрсетілгеннен кем болмайтын аралықты қамтамасыз ету қажет болатын кездегі жағдайларда қолданылуға тиіс (жүккөтергіштігі шектелген үлкен аралықтары болатын көпірлерде, өтпезолдарда, мұз өткелдері, туннельдерде және т.с.с.).

ҚР СТ 1412-2017

5.4.17 3.17.1 «Кеден» белгісі кеденде тоқтамай өтуге тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.18 3.17.2 «Қауіп» белгісі жол-көлік оқиғасы, апат немесе қозғалыс үшін басқа қауіппен байланысты көлік құралдарының барлығын шығарып тастамай тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.19 3.17.3 «Бақылау» белгісі бақылау пунктінде тоқтатпай өтуге тыйым салу үшін қолданылуға тиіс. Осы белгі шектеу енгізілуі қажет жол учаскесінің алдына тікелей орнатылады.

5.4.20 3.18.1 «Оңға бұрылуға тыйым салынған» және 3.18.2 «Солға бұрылуға тыйым салынған» белгілері қажетті қозғалу ретін 4.1.1-4.1.6 немесе 5.8.1, 5.8.2, 5.8.2 а белгілері арқылы қамтамасыз ету мүмкін болмайтын кездегі жағдайларда өтетін бөліктің жақын қиылысуында бұрылуға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.21 3.19 «Бұрылысқа тыйым салынған» белгісі осы маневрді орындау қиын немесе басқа көлік құралдарының және (немесе) жаяу жүргіншілердің қозғалысы үшін қауіп тудыратын жердегі қиылыстарда бұрылуға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.19 белгісі қиылыстар арасындағы жол учаскелерінде бөлу жолақтарының үзілген жерлерінде бұрылуға тыйым салу үшін қолданылмауға тиіс.

5.4 белгісі «Қолданылу уақыты» 7.5.1 -7.5.7-кестеліктерімен қолданылуы мүмкін.

5.4.22 Аталған бағытта қозғалуға арналған екі немесе одан көп жолақты жолдарда 3.18.2 және 3.19 қайталама белгілері қозғалыс қиылыс жаққа іске асырылатын жолақтардың солының үстінен, бөлу жолағы болатын жолдарда - бөлу жолағында орнатылуға тиіс. Қарсы қозғалысқа жолақтар саны екеуден артық болмайтын бөлу жолағы болмайтын жолдарда қайталама белгіні жолдың сол жағында орнатуға жол беріледі.

5.4.23 3.20 «Басып озуға тыйым салынған» және 3.22 «Жүк автомобильмен басып озуға тыйым салынған» белгілері рұқсат етілген максималды массасы 3,5 т асатын, тиісінше, барлық көлік құралдары немесе жүк автомобильдеріне 30 сағ/км кем жылдамдықпен қозғалатын даралардан басқа, барлық көлік құралдарын басып озуға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.20 және 3.22 белгілері егер қозғалыс қарқынына, еніне, өтетін бөліктің жай-күйіне байланысты қарсы және жолай соқтығысулардың басым қауіпі жасалуына байланысты, басып озуға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.20 белгісі көрінуі қамтамасыз етілмеген жол учаскелерінде қолданылуға тиіс (2-кестені қараңыз); мұндай жағдайда белгінің қолданылу аймағы қауіпті аймақтың ұзындығында анықталуға тиіс.

5.4.24 3.24 «Максималды жылдамдықты шектеу» белгісі алдыңғы учаскеге қарағанда, өзге максималды жылдамдықтағы жол учаскесінде енгізу қажеттігі кезінде белгіде көрсетілгеннен артық жылдамдықпен барлық көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс. Бұл ретте 3.24 «Максималды жылдамдықты шектеу» белгісі жол-көлікоқиғаларын талдау нәтижесі бойынша және жол-көлік оқиғасы орын алған апаттық-қауіпті учаскелер анықталған, оның ішінде жол жағдайлары бойынша, сондай-ақ жолдардың геометриялық параметрлерінің, жол қаптамасы (шұқыр, ойықтар және т.б) сапасының сәйкес келмеуі, қауіпті бұрылыстардың, көрінуі қамтамасыз етілмеген учаскелердің, жолдардың тарылу орындарының болуы, жолдарда жол жұмысарын жүргізу кезінде және т.б. орнатылуға тиіс.

Жолдың қауіпті учаскелерінде қозғалыс жылдамдығын шектеу кезінде (қауіпті бұрылыстар, көріну қамтамасыз етілмеген учаскелер, жолдың тарылатын орны және т.с.с.) белгінің қолданылу аймағы қауіпті учаскенің ұзындығымен анықталуға тиіс.

Егер аталған учаскеде енгізілетін максималды жылдамдықты шектеу 20 сағ/км алдыңғы учаскеде жол берілетін қозғалыс жылдамдығынан ерекшеленетін болса, онда 100

м бастап 150 м дейінгі арақашықтықта бір-бірінен алыстатылған 3.24 белгілерін тізбектеп орнату арқылы 20 сағ/км артық болмайтын қадаммен жылдамдықты сатылап шектеуді қолдану керек.

Жылдамдықты сатылы шектеу егер белгілердің көрінуі 150 м кем болмай құралса, 5.22 және 5.22 а белгілерімен белгіленген елді мекендердің алдында қолданылуға тиіс.

5.4.25 3.21 «Басып озуға тыйым салу аймағының шеті», 3.23 «Жүк автомобильмен басып озуға тыйым салу аймағының шеті» және 3.25 «Максималды жылдамдықты шектеу аймағының шеті» белгілері, егер осы қолданылу аймағын қозғалыс барысы бойынша жақын қиылысқа дейін немесе елді мекеннің соңына дейін тарату қажеттігі болмаса, тиісінше, 3.20, 3.22, 3.24 белгілерінің қолданылу аймағының шетін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Екі бағытта қозғалу үшін бір, екі немесе үш жолақты жолдарда 3.21, 3.23, 3.25 белгілерін жолдың сол жағынан ғана, қарсы бағытта қозғалып келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілері үшін тағайындалған 3.20, 3.22, 3.24 белгілерін қарсы жағынан орналастыруға жол беріледі.

5.4.26 3.26 «Дыбыстық сигнал беруге тыйым салынған» белгісі, шипажай, демалыс үйлері, сауықтыру лагерьлері, ауруханалар және т.с.с. тікелей жақын өтетін жол учаскелерінде 5.22 және 5.22 а белгісімен белгіленген елді мекендерден тыс жол-көлік оқиғасынан ескертуге арналған сигнал беруден басқа, дыбыстық сигналдарды пайдалануға тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

5.4.27 3.27 «Аялдамаға тыйым салынған» белгісі жолдардың және көше-жол желісінің өту мүмкіндігін арттыру, тоқтау және тұрақ тыйым салынған орындарды белгілеу мақсатында, сондай-ақ көлік ағыны қарқынды орындарда көлік құралдарының тоқтауына және тұрағына тыйым салу үшін қолданылуға және тыйым салу енгізілетін жол жағында орнатылуға тиіс.

5.4.28 3.28 «Тұраққа тыйым салынған», 3.29 «Айдың тақ сандары бойынша тұраққа тыйым салынған» және 3.30 «Айдың жұп сандары бойынша тұраққа тыйым салынған» белгілері көлік құралдарының тұрағына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс, 3.29 және 3.30 белгілері - тиісінше, айдың жұп немесе тақ сандары бойынша тыйым салу енгізілетін жол жағында орнатылуға тиіс.

3.29 және 3.30 белгілерін өтетін бөліктің қарама-қарсы жақтарында бір мезгілде қолданған кезде көлік құралдарының жолдың бір жағынан басқа жағына қайта тоқтау уақыты - 19 сағ. 00 мин. бастап 21 сағ. 00 мин. дейін.

3.28-3.30 белгілері қолданылатын аймақта таксометрі қосылатын таксидің тұруына рұқсат етіледі.

Алаң, ғимарат қасбетінің және т.с.с. бір жағынан жанынан тоқтау немесе тұраққа тыйым салу қажет болатын кездегі жағдайда 3.27-3.30 белгілері барлық жүргізушілерге енгізілген тыйым туралы хабарланатындай болып орнатылмауы мүмкін, осы белгілерді 7.2.5 немесе 7.2.6 кестеліктерінің бірімен немесе екі кестелікпен де бір мезгілде алаңға, кіреберіске және т.с.с. келіп кіретін көлік құралдарының жүргізушілері жаққа қарайтын бетімен орнатуға жол беріледі.

5.4.29 3.31 «Барлық шектеулер аймағының соңы» белгісі мынадай бірнеше белгілердің бір мезгілде қолданылу аймағының соңын көрсету үшін қолданылуға тиіс: 3.16, 3.20, 3.22, 3.24, 3.26-3.30.

5.4.30 3.32 «Қауіпті жүктер тиелген көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынған» белгісі «Қауіпті жүк» танымдық белгілерімен жабдықталған көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.33 «Жарылғыш және тез тұтанатын жүктер салынған көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынған» белгісі «Қауіпті жүк» танымдық белгілерімен жабдықталған және ГОСТ 19433.1 және және [6] бойынша 1, 2.2-2.4, 3.1, 3.2, 5.2

ҚР СТ 1412-2017

кластарының қауіпті жүктерін тасу үшін тағайындалған көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу үшін қолданылуға тиіс.

3.32 және 3.33 белгілері адамдар көп жиналатын және т.с.с. жерлерде қауіпті жүктерді тасымалдайтын қайталанатын маршруттар болатын кезде халық көп шоғырланған аудандардағы жүктелетін жолдарда орнатылуға тиіс.

5.4.31 3.1 -3.3, 3.18.1, 3.18.2, 3.19, 3.27 белгілерінің қолданысы маршруттық көлік құралдарына таралмайды.

3.26, 3.3, 3.28-3.30 белгілерінің қолданысы I және II топтағы мүгедектері басқаратын немесе осындай мүгедектерді таситын көлік құралдарына таралмайды.

3.2-3.8 белгілерінің қолданысы белгіленген аймақта болатын кәсіпорындарға қызмет көрсететін, сондай-ақ осы аймақта тұратын немесе 24 жұмыс істейтін азаматтарға тиесілі немесе қызмет көрсететін тиісті көлік құралдарына таралмайды. Мұндай көлік құралдары белгіленген аймаққа шығуға және қиылысқа жақын тартылыс нүктесінде одан жүріп шығуға тиіс.

5.4.32 3.16, 3.20, 3.22, 3.24, 3.26-3.30 белгілерінің қолданысы белгінің орнатылған орнынан бастап белгіден кейінгі жақын қиылысқа дейін, ал елді мекенде қиылыс болмаған кезде - елді мекеннің соңына дейін таралады.

Аталған белгілер елді мекен аяқталған соң немесе қиылысқа немесе елді мекеннің соңына дейін тиісінше орнатылған белгімен енгізілетін шектеулерді сақтау қажет болған кезде қиылыстан кейін тікелей қайта орнатылуға тиіс.

Қажет болған кезде белгілердің қолданылу аймағын азайтуға жол беріледі:

- 3.16 және 3.26 белгілері үшін - 7.2.1 кестелігін қолданып;
- 3.20, 3.22, 3.24 белгілері үшін - тиісінше 3.21, 3.23 немесе 3.25 белгілерін олардың қолданылу аймағының соңында орнатып (басымырақ болып табылатын) немесе 7.2.1 кестелігін қолданып. 3.24 белгісінің қолданылу аймағын 3.24 белгісін максималды қозғалыс жылдамдығының басқаша мәнімен азайтып орнатуға жол беріледі;

- 3.27-3.30 белгілері үшін - 7.2.3 кестелігімен 3.27-3.30 қайталама белгілерді олардың қолданылу аймағының соңында орнатып (басымырақ болып табылатын) немесе 7.2.2 кестелігін қолданып.

3.27 белгісін 1.4 таңбасымен бірге, ал 3.28 белгісін - 1.10 таңбасымен бірге қолдануға жол беріледі, бұл ретте белгілердің қолданылу аймағы таңба сызығының ұзындығымен анықталады.

5.5 Алдын ала жазылатын белгілер

5.5.1 Алдын ала жазылатын белгілерді қажетті қозғалыс режимдерін енгізу үшін қолданады.

5.5.2 Алдын ала жазылатын белгілер тиісті жол учаскелерінің алдынан тікелей орнатылуға тиіс

4.1.4 4.1.1 «Тура қозғалу», 4.1.2 «Оңға қозғалу», 4.1.3 «Солға қозғалу», «Тура немесе оңға қозғалу», 4.1.5 «Тура немесе солға қозғалу», 4.1.6 «Оңға немесе солға қозғалу» белгілері меңзерлермен белгіде көрсетілген бағыттарда қозғалыстың өтетін бөліктеріне жақын қиылыста рұқсат беру үшін, ал 4.1.3, 4.1.5, 4.1.6 белгілері - бұрылу үшін де қолданылуға тиіс.

4.1.1-4.1.6 белгілерінің қолданысы маршруттық көлік құралдарына таралмайды.

4.1.1-4.1.6 белгілерінің қолданысы белгілерді орнату алдында өтпелі бөліктердің қиылысуына қолданылады.

Жол учаскесінің басында орнатылған 4.1.1 белгінің қолданысы жақын қиылыс жерге дейін қолданылады.

Егер қиылыстағы қозғалысты реттеу үшін 4.1.3 және 4.1.5 алдын ала жазылатын

белгілер сияқты, 3.18.1 тыйым салу белгісі де пайдаланылатын болса, алдын ала жазылатын белгілерді қолдану керек.

Ескертпе - 4.1.2 және 4.1.3 жол белгілерінің конфигурациясы ҚР СТ 1125 стандартына сәйкес өзгертілді. Пайдалануда болатын бұрын қолданылатын белгілер оларды ауыстырғанға дейін қолданылады.

5.5.4 4.1.1, 4.1.2 және 4.1.4 белгілері аталған бағытта қозғалуға арналған екі немесе одан артық жолағы болатын жолдарда қозғалыс қиылыс жағына іске асырылатын жолақтардың сол жағының үстінен орнатылуға тиіс. Бұл ретте, бөлу жолағы болатын жолдарда белгілерді бөлу жолағында орнатуға, қарсы қозғалыс үшін жолақтар саны екеуден артық болмайтын кезде бөлу жолағы болмайтын жолдарда - жолдың сол жағынан орнатуға жол беріледі.

5.5.5 4.1.1 белгісін сондай-ақ қиылыстар арасындағы жол учаскелерінде бөлу жолағының үзілетін жерінде бұрылуларға тыйым салу үшін қолдану керек, бұл ретте белгіні бөлу жолағында ғана орнату керек.

Қажет болған кезде 4.1.1 белгісін көлік құралдарының қарсы ағынын бөлу үшін қолданылатын 1.1 немесе 1.3 таңбасын қайталау үшін қолдануға жол беріледі, бұл ретте 4.1.1 белгісі тікелей жол учаскесінің басында орнатылуға тиіс. Мұндай жағдайда белгінің қолданысы жақын қиылысқа дейін таралады.

5.5.6 4.2.1 «Кедергіні оң жағынан айналып өту», 4.2.2 «Кедергіні сол жағынан айналып өту», 4.2.3 «Кедергіні оң немесе сол жағынан айналып өту» белгілері өте тән бөліктегі қауіпсіздік аралықтарын және әртүрлі қауіптерді айналып өтулерді көрсету үшін белгілерде меңзермен (меңзерлермен) көрсетілген жағынан (жақтарынан) рұқсат ету үшін қолданылуға тиіс.

Жөндеу жұмыстарын жүргізетін жерлерде 4.2.1 және 4.2.2 белгілерін бесеуден кем болмайтын белгілермен жасалуға тиіс кедіргілерден көлік құралдарының қозғалыс траекториясының ауытқу сызығын белгілеу үшін қолдануға жол беріледі, бұл ретте жол осьіне сызықтың көлбеуі тиісінше 40, 60 және 60 сағ/км артық жол берілетін қозғалыс жылдамдығы кезінде 1:10, 1:20 және 1:50 кем болмауға тиіс.

Жұмыс уақытында ғана жолдарда және (немесе) көшелерінде жол машиналарының, жылжымалы жол зертханаларының және басқа мамандандырылған автомобильдердің артқы бортында 1.23 белгісімен 4.2.1 және 4.2.2 белгілерді орнатуға рұқсат етіледі. Бұл ретте, қараңғы мезгілде немесе жеткілікті көрінбейтін жағдайларда аталған көлік құралдарында жарық сигнализациясы қосылып тұруы тиіс.

5.5.7 4.3 «Айналып қозғалу» белгісі қиылыста (аланда) көлік құралдарының айналып қозғалуын ұйымдастыру кезінде меңзерлермен көрсетілетін бағытта ғана қозғалуға рұқсат беру үшін қолданылуға тиіс. Белгі айналып қозғалатын қиылыста (алан) әрбір шығатын кезде орнатылуға тиіс. 4.3 белгісін егер айнала қозғалумен бір мезгілде, рельстікті қоспағанда, көлік құралдарының айқаса қозғалуына жол берілетін болса, қолданбау керек.

5.5.8 4.4 «Жеңіл автомобильдердің қозғалуы» белгісі жеңіл автомобильдер, маршруттық көлік құралдары, мотоциклдер, автобустар, сондай-ақ рұқсат етілген максималды массасы 3,5 т аспайтын жүк автомобильдері үшін ғана қолданылуға тиіс.

Белгі белгіленген аймақта болатын кәсіпорындарға қызмет көрсететін, сондай-ақ белгіленген аймақта тұратын азаматтарға қызмет көрсететін немесе азаматтарға тиесілі басқа көлік құралдарының да қозғалысына рұқсат етеді. Мұндай көлік құралдары белгіленген аймаққа кіруге және одан қиылысқа жақын тартылыс нүктесіне шығып кетуге тиіс.

4.4-белгісі аталған көлік құралдарының ғана қозғалысына рұқсат етілетін жолға әрбір кіруде орнатылуға тиіс, мұндайда қаптал кірулер алдынан 7.3.1-7.3.3 кестеліктерінің бірімен қолданылуға тиіс.

ҚР СТ 1412-2017

5.5.9 4.5 «Велосипед жолы немесе велосипед жүретін жол жолағы» белгісі велосипедпен және мопедпен жүру қозғалыстарын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Егер велосипедшілер үшін тағайындалған жолақ 1.1 таңбасымен қалған өтетін бөліктен алыстатылатын болса, 4.5 белгісі 7.14 кестелікпен үйлестіріліп жолақтың үстінде орналастырылуға тиіс. Егер жолақ қалған өтетін бөліктен жиектас немесе кедіргімен алыстатылатын болса, белгіні жолақтың оң жағынан орнатуға жол беріледі.

4.5 белгісі белгісі велосипед жолының жолмен әрбір қиылысуынан кейін қайталануға тиіс.

4.5.1 «Велосипед жолының шеті немесе велосипед жүретін жол жолағы» белгісі 4.5 белгісімен белгіленген жолдар мен жолақ шетінде орнатылады.

5.5.10 4.5.4 және 4.5.5 «Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолы» жаяу жүргінші және велосипед ағындары өздігінен ағынға бөлінетін кезде, жаяу жүргінші және велосипедтердің бірлескен қозғалысына арналған жолдарды белгілеу үшін қолданылады.

4.5.4 және 4.5.5 негізгі белгілері жол басында орнатылады, қайталама жолмен жаяу жүргінші және велосипед жолымен әр қиылысқаннан кейін, сондай-ақ жаяу жүргінші және велосипедтердің бірлескен жолдары үшін орнатылады.

4.5.6 және 4.5.7 «Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолы» жаяу жүргінші және велосипедтердің бірлескен жолдары үшін арналған жол шетінде орнатылады.

5.5.11 4.6 «Жаяу жүргінші жолы» белгісі жаяу жүргіншілердің қозғалысы, сондай-ақ жаяу жүргіншілер аймағы мен жаяу жүргіншілердің ғана қозғалысы үшін бөлінген жол учаскелері үшін ғана тағайындалған жолдарды белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

4.6 белгісі велосипед жолының жолмен әрбір қиылысуынан кейін қайталануға тиіс.

5.5.12 4.7 «Минималды жылдамдықты шектеу» белгісі жолда немесе өтетін бөліктің жеке жолағында, мысалы, созылған жарларда қозғалыс аталған немесе үлкен жылдамдықпен ғана рұқсат етілетінін көрсету үшін қолданылуға тиіс.

Өтетін бөліктің жекелеген жолағындағы қозғалыс жылдамдығын реттеу үшін 4.7 белгісі осы жолақтың үстіне тікелей 7.14-кестелігімен бірге орнатылуы тиіс. Белгінің әрекеті белгінің артында жақын қиылысқа дейін қондырғы орнынан, ал елдімекеннің соңына дейін қиылыс болмаған жағдайда елдімекенге таратылады.

5.5.13 4.8 белгі «Минималды жылдамдықты шектеу аймақтарының соңы» белгісі 4.7 белгісінің қолданылу аймағының шетін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.5.14 4.9.1-4.9.3 «Қауіпті жүктер салынған көлік құралдарының қозғалысын бағыттау» белгілері «Қауіпті жүк» белгілерімен жабдықталған көлік құралдарына жолдың өтетін бөліктің жақын қиылысуына қозғалысты міндетті түрде бағыттауды көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.5 Ақпараттық-көрсеткіш белгілер

5.6.1 Ақпараттық-көрсеткіш белгілерін қозғалысқа қатысушыларға қозғалыс режимінің ерекшеліктері туралы және жүрілетін жолда елді мекендер мен басқа объектілердің орналасқандығы туралы хабарлау үшін қолданады.

5.6.2 5.1 «Автомагистраль» белгісі [4] бойынша Жол қозғалысы ережелерінің арнайы талаптары қолданылатын жолдарды белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.1.белгісі автомагистральдың басында орнатылуға тиіс.

5.1 белгісі автомагистральдың басына қарай жақын бұрылыс немесе қиылысқа арналған жердің алдынан 7.1.1 кестелігімен, 7.1.3 немесе 7.1.4 - автомагистральға кіретін жерлер алдынан орнатылуға тиіс. 5.1 белгісін автомагистральдарға кіретін жерлерден

кейін қайталауға жол беріледі (А.35 суреті).

5.6.3 5.2 «Автомагистральдың соңы» белгісі автомагистральдың соңын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.2 белгісі автомагистральдың соңында және одан шығулар басында, сондай-ақ магистральдың соңынан 400 м және 1000 м арақашықтықта 7.1.1 кестелігімен алдын ала орнатылуға тиіс.

5.6.4 5.3 «Автомобильдерге арналған жол» белгісі автомобильдер, автобустар мен мотоциклдердің ғана қозғалысы үшін тағайындалған жолды белгілеу үшін қолданылуға және жолдың басында орнатылуға тиіс.

5.3 белгісі орнатылуға тиіс:

- 7.1.1 кестелігімен бірге - жолдың бағына жақын, 5.3 белгісімен белгіленген бұрылысқа немесе қиылысқа арналған жердің алдынан;

- 7.1.3 немесе 7.1.4 кестелігімен бірге - сосын 5.3 белгісімен белгіленген жолға өтетін жолмен қиылыстың алдынан;

- 7.3.1-7.3.3 кестеліктерінің бірімен - 5.3 белгісімен белгіленген жолмен қиылыстың алдынан. Мұндай жағдайда қиылыстың алдында 2.4 немесе 2.5 белгісі болған кезде, 5.3 белгісі тиісті кестелікпен бірге солармен бірге орнатылуға тиіс.

5.6.5 5.4 «Автомобильдерге арналған жолдың соңы» белгісі 5.3 белгісімен белгіленген жолдың шетін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.6.6 5.5 «Бір жақты қозғалыс жолы» белгісі барлық ені бойынша көлік құралдарының қозғалысы бір бағытта іске асырылатын жол немесе өтетін бөлікті белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.5 белгісі бір жақты қозғалыс болатын жол немесе өтетін жердің басында орнатылуға тиіс. Белгіні күрделі жоспарланған қиылыстардан кейін қайталауға жол беріледі.

5.5 белгісін егер әрбір өтетін бөліктен қарсы қозғалыспен өтетін бөліктің көрінуі қамтамасыз етілсе, өтетін бөліктің қарсы қозғалыспен бөлу жолағымен алыстатылған бір жақты қозғалыс болатын өтетін бөліктің басында, сондай-ақ бір жақты қозғалыс іске асырылатын әртүрлі деңгейдегі айырықтардан шығуларда орнатпауға рұқсат етіледі.

5.6.7 5.6 «Бір жақты қозғалыс болатын жолдың соңы» белгісі 5.5 белгісімен белгіленген жол немесе өтетін бөліктің соңын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.6 белгісін алдын ала 7.1.1 кестелігімен орнатуға жол беріледі.

5.6.8 5.7.1 және 5.7.2 «Бір жақты қозғалыс болатын жолға шығу» белгілері бір жақты қозғалыс болатын жолға шығуды белгілеу үшін қолданылуға және тура жүретін өтулері, жолға қапталдан шығулары барлардың бәрінің алдынан орнатылуға тиіс.

Егер жолға шығатын кезде бір тіреуде бірнеше әртүрлі белгілер орнатылған болса, онда 5.7.1 және 5.7.2 белгілері басқа белгілердің үстінен орналастырылуға тиіс.

5.6.9 5.8.1 «Жолақтар бойынша қозғалыс бағыттары» және 5.8.2 «Жолақ бойынша қозғалыс бағыттары» белгілері әртүрлі бағыттар бойынша көлік құралдары қозғалысының қарқынына сәйкес жолақтардың пайдаланылуын қамтамасыз ету талап етілетін жердегі қиылыста олардың әрқайсысының қозғалысының рұқсат етілген бағыттары мен жолақтарының санын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

Қиылыстар алдында орнатылған 5.8.1, 5.8.2 және 5.8.2 а белгілерінің қолданысы егер қиылыста орнатылған 5.8.1, 5.8.2, 5.8а белгілері басқа сілтемелер бермейтін болса, қиылысқа таралады.

Белгілер жолдың өтетін бөлігінің үстінде жүргізушілердің қажетті қайта құрылымдарды уақытылы іске асыру мүмкіндігі болатындай етіліп орнатылуға тиіс. 5.8.2 және 5.8.2а белгілерінің әрқайсысы өзі тағайындалатын жолақ ортасының үстінде орналасуға тиіс.

Қиылыстың алдында бір жаққа қозғалуға арналған үшеуден артық жолағы болатын

ҚР СТ 1412-2017

жолдарда 5.8.1, 5.8.2 және 5.8.2 а белгілері алдын ала орнатылуға тиіс. Басқа жолдарда 5.8.1, 5.8.2 және 5.8.2 а белгілерін қажет болған кезде алдын ала орнатуға жол беріледі.

Елді мекендерден тыс қиылыстар алдында болатын жолақтары үшеуден артық болмайтын, ал елді мекендерде - бір жаққа қозғалыс үшін екеуден артық жолағы болмайтын жолдарда 5.8.1 белгісін жолдың оң жағына орнатуға жол беріледі, мұндайда бастапқы 5.8.1 белгісі орнатылуға тиіс.

Алдын ала жазылатын 5.8.1, 5.8.2 және 5.8.2 а белгілері қиылыстан 50 бастап 150 м дейінгі арақашықтықта орнатылады.

5.8.1, 5.8.2 және 5.8.2 а белгілері болатын кезде 4.1.1-4.1.6 белгілерін қолданбау керек.

5.6.10 5.8.3 «Жолақтың басы» белгісі және 5.8.3а «Қозғалыстың әртүрлі жолақтарындағы міндетті минимальды жылдамдығы» жардағы қосымша жолақтардың немесе бір немесе әртүрлі деңгейдегі қиылыста тежеу жолақтарының басталуын белгілеу үшін қолданылуға және осындай жолақты бұруды бастауда тікелей орнатылуға тиіс.

5.8.3 белгісі 4.7 белгісінің кескінімен жарға апаратын сол жақ жолақта минималды рұқсат етілетін жылдамдықты орнату қажет болатын жағдайларда қолданылуға тиіс.

Белгіде минималды рұқсат етілетін жылдамдық ретінде жарға қарай қозғалатын көлік құралдарының 50%-ынан асатын жылдамдықты көрсетеді. Жылдамдықты жардың соңында өлшейді, алынған шаманы 10 еселік мәнге дейін аз жағына қарай дөңгелектейді.

5.6.11 5.8.4 «Жолақтың басталуы» белгісі екі жолақ әрбір бағыт үшін кезекпен бөлінетіндей етіп таңбаланған үш жолақты жолдарда аталған бағытта қозғалу үшін тағайындалған ортаңғы жолақ учаскесінің басталуын белгілеу үшін қолданылуға тиіс, бұл ретте белгі таңбаның ауыспалы сызығының басында орнатылуға тиіс.

5.8.4 белгісін солға бұрылу немесе бұру үшін тағайындалған жолақты белгілеу үшін қолдануға жол беріледі.

5.8.4а «Жолақтың басталуы» белгісі осы бағыттағы қозғалысқа арналған үш жолақты жолдың орташа жолағының учаскесінің басталуын белгілеу үшін қолданылуы тиіс. Егер 5.8.4а белгіде қандайда бір көлік құралдарына қозғалысқа тыйым салатын белгі бейнеленген болса, онда тиісті жолақта осы көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынады.

5.6.12 5.8.5 «Жолақтың соңы» белгісі жардағы қосымша жолақты немесе бір немесе әртүрлі деңгейдегі қиылыстарда екпін жолақтарын белгілеу үшін қолданылуға және жолақтың соңынан 50 м арақашықтықта орнатылуға тиіс.

5.6.13 5.8.6 «Жолақтың соңы» белгісі аталған бағыттағы қозғалыс үшін тағайындалған және 5.8.4 белгісімен белгіленген ортаңғы жолақ учаскесінің соңын белгілеу үшін үш жолақты жолдарда қолданылуға тиіс, бұл ретте белгі таңбаның ауыспалы сызығының басында орнатылуға тиіс.

5.6.14 5.8.7 және 5.8.8 «Жолақтар бойынша қозғалыстар бағыты» белгілері жолақтардың әрқайсысы бойынша қозғалыс бағытын көрсету үшін қолданылуға тиіс: үш меңзермен - екі жолақ бойынша бір бағытта қозғалысты ұйымдастырған кезде үш жолақты жолдарда, төрт және одан артық меңзермен - қарсыдағыға қарағанда жолақтардың көп саны бойынша бір бағытта қозғалысты ұйымдастырған кезде жолда және жол учаскесінің барлық ұзындығында әрбір қиылыстан кейін орнатылуға тиіс.

5.8.8 а «Жолақтар бойынша бағыт» белгісі қозғалысты ұйымдастыруды (бір немесе екі жақты) жүргізушілер біркелкі қабылдамауы мүмкін жағдайда екі жолақты жолдардың (өтетін бөліктердің) учаскелерінде екі меңзерімен белгі орнатуға жол беріледі.

Көлік құралдары түрлерінің бірінің қозғалысына тыйым салатын белгі салынған 5.8.7 және 5.8.8 және 5.8.8 а белгілері қажет болатын кезде тиісті жолақ бойынша аталған көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу кезінде қолданылуға тиіс.

5.8.7, 5.8.8 және 5.8.8 а белгілерін кері қозғалысты ұйымдастыру үшін қолдануға жол

беріледі, белгілер бұл реттегі жағдайда жол учаскесінің барлық ұзындығында әрбір қиылыстан кейін орнатылуға тиіс.

5.6.15 5.8.9 «Қозғалыстың әртүрлі жолақтарында әрекет ететін жылдамдықты шектеу» белгісі осы бағыттағы жолақтардың санын және қозғалыс жолақтары бойынша жолдың осы учаскесіндегі қозғалысты жүзеге асыратын максимальды жылдамдықты көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.8.9 белгісі 150 метрден бастап 300 метрге дейіні арақашықтықта елдімекен пункттерінде, жолақтар бойынша қозғалыс режимдері енгізілетін 7.14 –кестелікпен сәйкесті белгілермен жол учаскесі басталғаннан 50 метрден бастап 150 метрге дейінгі арақашықтықта орнатылуға тиіс.

5.8.9 белгісі өтетін бөліктің үстіне орнатылады.

Белгіні үтен аспайтын қиылыстың алдындағы жолдардағы елдімекен пункттерінен тыс жолдың оң жағына, елдімекендерде – осы бағытта қозғалыстың екі жолағынан асырмай орнатуға жол беріледі.

5.6.16 5.9 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ» белгісі егер осындай жолақ бойынша қозғалыс көлік құралдарының жалпы ағынына жолай іске асырылатын болса, маршруттық көлік құралдарының қозғалысы үшін ғана тағайындалған жолақты белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.9 белгісі белгіленетін жолақтың үстінен орнатылуға тиіс. Оң жолақты білдіретін белгіні жолдың оң жағынан орнатуға жол беріледі.

Белгі маршруттық көлік құралдарының қозғалысы белгіленген жолақ бойынша ұйымдастырылатын жердегі жол учаскесінің барлық ұзындығында әрбір қиылыстан кейін орнатылуға тиіс.

5.6.17 5.9.1 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ салынған жол» белгісі маршруттық көлік құралдарының қозғалысы іске асырылатын жолақ шетінде орнатылады.

5.6.18 5.10.1 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы болатын жолға шығу» белгілері маршруттық көлік құралдарының қозғалысы көлік құралдарының жалпы ағынына қарсы арнайы бөлінген жолақ бойынша іске асырылатын жолға шығуды белгілеу үшін қолданылуға және жолға барлық қапталдан шығулар алдында орнатылуға тиіс.

Белгі өтетін бөліктің үстінен жолдың басында немесе жолдың екі жағынан орнатылуға тиіс; белгіні қиылыстардан кейін қайталауға жол беріледі.

5.6.19 5.10.2 және 5.10.3 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы болатын жолға шығу» жолға шығуды белгілеу үшін қолданылуға тиіс, ол арқылы маршруттық көлік құралдарының қозғалысы көлік құралдарының жалпы ағынына қарама-қарсы арнайы белгіленген жолағы бойынша іске асырылады және жолға бүйір жақтық шығу алдында орнатылады.

5.10.4 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы болатын жолдың соңы» белгісі 5.10.1 белгісімен белгіленген жолдың шетін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.6.20 5.10.5 «Велосипедисттерге арналған жолақты жол» белгісі жолды белгілеу үшін қолданылады, онда велосипедтер қозғалысы көлік құралдарының жалпы ағынына қарама-қарсы велосипедтік жолақ бойынша іске асырылады

Белгілер жолдың өтпелі бөлігі мен екі жағынан жол учаскесінің басында орнатылады.

5.10.7 «Велосипедисттерге арналған жолақты жолдың шеті» белгісі 5.10.5 белгісімен белгіленген жолақты жолдың шетінде орнатылады.

5.6.21 5.10.8 және 5.10.9 «Велосипедисттерге арналған жолақты жолға шығу» белгілері 5.10.5 белгісімен белгіленген жолға шығу белгісін белгілеу үшін қолданылады және бүйір жақты шығу алдында орнатылады.

ҚР СТ 1412-2017

5.6.22 5.11.1 «Бұрылуға арналған орын» және 5.11.2 «Бұрылуға арналған аймақ» белгілері бұрылу рұқсат етілген бөлінген жолақтағы үзілістерді, ал бұрылуға арналған орындар – бөлінген жолақсыз жолдарда белгілеу үшін қолданылады.

5.6.23 5.12 «Автобус және (немесе) троллейбустың тоқтайтын орны» және 5.13 «Трамвайдың тоқтайтын орны» белгілері маршруттық көлік құралдарының тиісті түрлерінің тоқтау пункттерін белгілеу үшін қолданылуға және тоқтайтын алаңның немесе қалтарыстардың басында орнатылуға тиіс (А.16 суреті).

Қажет болған кезде айқын көрсетілген белгілері болмайтын тоқтау алаңдарын ұзындығын көрсету немесе бірінен кейін бірі орналасқан бірнеше тоқтайтын алаңдарды белгілеу қажет, тиісінше, тоқтайтын алаңның ұзындығы немесе тоқтайтын барлық алаңдардың жиынтық ұзындығы көрсетілетін 7.2.1 кестелігі бар 5.12 белгісін қолдануға жол беріледі. Белгі бұл ретте тоқтайтын алаңның басында орнатылуға тиіс.

5.6.24 5.14 «Жеңіл таксилерді қоятын орын» белгісі жеңіл таксилердің тұрағын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.6.25 5.15 «Тұрақ орны» белгісі көлік құралдарын қою үшін арнайы бөлінген алаңдарды белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

7.6.1-7.6.9 кестеліктерінің бірі болатын 5.15 белгісі тротуар маңындағы тұрақты белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.6.26 5.16.1 және 5.16.2 «Жаяу жүргіншілер жолы» белгілері өтетін бөлік арқылы жаяу жүргіншілердің ұйымдастырылған өтуі үшін бөлінетін жерлерді белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.16.1 белгісі жолдың сол жағынан, 5.16.2 белгісі - оң жағынан орнатылуға тиіс. Әрбір өтетін бөліктің әрқайсысының үш немесе одан артық қозғалыс жолағы болатын жерде бөлу жолағы болатын жолдарда 5.16.1 белгісі бөлу жолағында өтетін бөліктің әрқайсысының сол жағынан орнатылуға тиіс.

Өтетін жерде 1.14 белгісі болмайтын кезде 5.16.1 және 5.16.2 белгілері өтетін жерге жақындайтын көлік құралдарына қатысы бойынша 5.16.2 белгісі өтетін жердің жақын шекарасында, ал 5.16.1 белгісі - алыста болатындай етіп орнатылуға тиіс.

5.16.1 және 5.16.2 белгілерін орнату жармаларының арасында жасалатын белгіленбейтін жаяу жүргіншілер жолының ені 6.2.17 талаптарына сәйкес анықталуға тиіс.

5.16.1 белгісін 5.16.2 белгісінің кері жағында орналастыруға жол беріледі.

Белгілерді реттелетін қиылыстарда орналастырылатын таңбаланған жаяу жүргіншілер өтетін жерлерде орнатпауға жол беріледі.

Таңбаланбайтын жаяу жүргіншілер өтетін жерлердегі ретелмейтін қиылыстарда өтетін жердің ішкі шекарасы өтетін бөліктің шетімен дәл келетін жағдайда, 5.16.1 және 5.16.2 белгілерін өтетін жердің сыртқы шекараларында ғана орнатуға жол беріледі.

5.6.27 5.17.4, 5.17.1, 5.17.2 «Жерасты жаяу жүргіншілер жолы» және 5.17.3, «Жерүсті жаяу жүргіншілер жолы» белгілері тиісінше, жерасты және жерүсті жаяу жүргіншілер өтулерін белгілеу үшін қолданылуға және жаяу жүргіншілер туннелінің, көпірлер мен өтпезолдардың сатылы шығуларында негізгі жаяу жүргіншілердің қозғалысына қарсы бейнемен орнатылуға тиіс.

5.6.28 5.18.1 «Ұсынылатын жылдамдық» белгісі аталған жол учаскесінде ұсынылатын қозғалыс жылдамдығын көрсету үшін қолданылуға және учаскенің басында орнатылуға тиіс, бұл ретте белгінің қолданылу аймағы жақын қиылысқа дейін немесе ұсынылатын жылдамдықтың басқа мәні бар 5.1.8.1 мына белгіге дейін немесе 5.1.8.2 белгіге дейін таралады, ал 5.18.1 белгісін ескерту белгісімен бірге қолданған кезде - қауіпті учаскенің ұзындығы анықталады.

5.18.2 «Ұсынылатын жылдамдық» белгісінің қолданылу шеті» белгісі 5.18.1 белгісінің қолданылуы аймағын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.6.29 5.19.1-5.19.3 «Тұйыққа тірелу» белгілері тура өтуі болмайтын жолдарды белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.19.1 белгісі жолдың басында, 5.19.2 және 5.19.3 белгілері - аталған жолмен қиылысу алдында орнатылуға тиіс. 5.19.1-5.19.3 белгілері егер одан әрі жол бойынша қозғалысқа 3.1 немесе 3.2 белгісімен тыйым салынса, бастапқы ретінде қолданылуға тиіс.

5.6.30 5.20.1, 5.20.2 «Алдын ала бағыт көрсеткіш» белгілері қозғалыстың елді мекендерге немесе басқа объектілерге бағытталуын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.20.1 белгісі сондай-ақ тыйым салатын 3.11-3.15 белгілердің бірі орнатылған жол учаскелерін айналып өту маршрутының сызбанұсқасын көрсету үшін қолданылуға тиіс. Белгіде 5.31 белгісіне ұқсас айналып өту маршрутының сызбанұсқасы және тиісті тыйым салатын белгінің кескіні салынуға тиіс.

5.6.31 5.20.1 белгісі елді мекендерден тыс тежеу жолағының басында немесе қиылыстан 300 м кем болмайтын немесе елді мекендерде 50 м кем болмайтын арақашықтықта орнатылуға тиіс. Автомагистральдарда қиылысудан немесе тежеу жолағының басынан 800 м кем болмайтын арақашықтықта алдын ала белгі орнатылуға тиіс. Өтетін бөліктің үстінен белгі орнатуға жол беріледі.

5.6.32 5.20.2 белгісі бір бағыттағы қозғалысқа арналған екі немесе одан артық жолағы болатын жолдарда қолданылуға тиіс.

5.20.2 белгісі тежеу жолағы басталар алдында тікелей өтетін бөліктің үстінде, ал ол болмайтын кезде - елді мекендерден тыс қиылыстан 100 м кем болмайтын және елді мекендерде - 50 м кем болмайтын арақашықтықта орнатылуға тиіс.

Екі бағытта да қозғалуға арналған екі немесе үш жолағы болатын жолдарда 5.20.2 белгілерін 5.20.1 белгісін орнату қиын жерлерде (биік үйінділер, терең ойықтар, құрылыс, жасыл көшеттердің болуы), сондай-ақ солға немесе оңға бұрылатын ағын үшін өзіндік жолақтар бұрылатын жерлердегі қиылыстар алдынан орнатуға жол беріледі. Мұндай жағдайда 5.20.2 белгілері елді мекендерден тыс тежеу жолағының басында немесе қиылыстан 300 м кем болмайтын немесе елді мекендерде 50 м кем болмайтын арақашықтықта, ал автомагистральдарда, одан басқа, қиылыстан немесе тежеу жолағы басталардан 800 м кем болмайтын арақашықтықта орнатылуға тиіс.

5.6.33 5.20.3 «Қозғалыс сызбанұсқасы» белгісі егер қиылыста басқа бағыттарда қозғалуға тыйым салынған болса қозғалыс маршрутын көрсету немесе күрделі жоспарланған қозғалыстың рұқсат етілетін бағыттарын көрсету қажет болатын кезде қолданылуға тиіс.

5.20.2 белгісі қиылыстың алдынан тікелей орнатылуға тиіс. Алдын ала белгіні елді мекендерде 50 м бастап 100 м дейінгі арақашықтықта, елді мекендерден тыс - қиылыстан 150 м бастап 300 м дейін орнатуға жол беріледі.

5.6.34 5.21.1 «Бағыт көрсеткіш» және 5.21.2 «Бағыттар көрсеткіші» белгілері қозғалыстың елді мекендерге немесе басқа объектілерге бағытталуын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.21.1 және 5.21.2 белгілері қиылыстың немесе жолдан түсулер алдынан тікелей орнатылуға тиіс. Екі бағытта қозғалуға арналған бір немесе екі жолағы болатын жолдардағы түсулер, сондай-ақ қиылысатын жолдардың әрқайсысында екі бағыттағы қозғалыс үшін екуден артық болмайтын жолағы бар қиылыстар алдынан жолдың сол жағынан 5.21.1 және 5.21.2 белгілерін орнатуға жол беріледі.

Елді мекендерде оны 5.6.28 талаптарына сәйкес орната отырып, алдын ала бағытты көрсеткіш (5.20.1, 5.20.2 белгілерінің орнына) ретінде 5.21.2 белгісін қолдануға жол беріледі.

5.6.35 5.22, 5.22 а «Елді мекеннің басталуы» және 5.23, 5.23 а «Елді мекеннің соңы» белгілері елді мекендерде қозғалыс ретін реттейтін арнайы талаптар қолданылатын елді

ҚР СТ 1412-2017

мекенді (тиісінше басталуын және аяқталуын) белгілеу үшін қолданылуға және елді мекен аумағындағы әкімшілік шекарада орнатылуға тиіс.

5.23 және 5.23 а белгісін екі бағыттағы қозғалысқа арналған бір, екі немесе үш жолағы болатын жолдарда сол жағынан, қарсы қозғалыс үшін тағайындалған 5.22 және 5.22 а белгісінің қарсы жағында орнатуға жол беріледі.

5.22 белгісі 5.22а белгісімен бірге, ал 5.23 белгісі 5.23а белгісімен бірге қолданылады.

5.6.36 5.24 «Елді мекеннің басталуы» және 5.25 «Елді мекеннің соңы» белгілері қозғалыс жағдайына байланысты, елді мекендердегі қозғалыс тәртібін белгілейтін арнайы талаптарды енгізу мақсатқа сәйкес аталған жолда, тиісінше, елді мекеннің басын немесе соңын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.25 белгісін екі бағыттағы қозғалысқа арналған бір, екі немесе үш жолағы болатын жолдарда сол жағынан, қарсы бағытта қозғалатын көлік құралдарының жүргізушілері үшін тағайындалған 5.24 белгісінің қарсы жағына орналастыруға жол беріледі.

5.6.37 5.26 «Объектінің атауы» белгісі, елді мекендерден басқа, маршрут пункттерін белгілеу үшін қолданылуға және тікелей объектінің алдынан орнатылуға тиіс.

5.6.38 5.27 «Арақашықтықтар көрсеткіші» белгісі маршрутта орналасқан елді мекендерге дейінгі арақашықтықты көрсету үшін қолданылуға және бір деңгейдегі күрделі қиылысуларда, әртүрлі деңгейдегі айырықтардан кейін қалалар мен басқа да үлкен елді мекендерден шығатын жолдарда, ал олардың арасындағы жол учаскелерінде - 40 км сайын кем болмай орнатылуға тиіс.

Екі бағытта да қозғалуға арналған бір, екі немесе үш жолағы болатын жолдарда 5.27 белгісін қарсы қозғалыс үшін тағайындалған 5.20.1 белгісінің қарсы жағына орналастыруға жол беріледі.

5.6.39 5.28 «Километрлік белгі» белгісі оның орнатылған орнынан бастап жолдың шеткі пункттеріне дейінгі арақашықтықты көрсету үшін қолданылуға және 1 км сайын орнатылуға тиіс. Шеткі екі пунктке дейінгі арақашықтықты көрсететін және әртүрлі қозғалыс бағыттары үшін тағайындалған екі 5.28 белгісін бір тіреуге орнатуға жол беріледі, бұл ретте белгілер бір-біріне қарсы жақтарымен немесе олардың арасындағы бұрыш 60° артық болмайтындай болып орналастырылуға тиіс.

Төрт немесе одан кем жолағы болатын бөлу жолағы жоқ жолдарда екі жақты 5.28 белгілері жолдың бір жағынан ғана орнатылуға тиіс.

Бөлу жолағы болатын жолдарда 5.28 белгісі әрбір қозғалыс бағыты үшін жолақтың ортасында немесе жолдың оң жағынан орнатылуға тиіс.

5.6.40 5.29.1 және 5.29.2 «Маршруттың нөмірі» белгілері белгіленген тәртіппен бекітілген жолдың (маршрут) нөмірін көрсету үшін қолданылуға тиіс. 5.29.1 белгісі жолдың басында орнатылуға және (15-20) км сайын қайталануға, ал 5.29.2 белгісі қиылыстың алдынан орнатылуға тиіс.

5.6.41 5.30.1-5.30.3 «Жүк автомобильдеріне арналған қозғалыс бағыты» белгілері ықтимал бағыттардың біріндегі қозғалысқа қиылыста тыйым салынатын көлік құралдарына ұсынылатын маршрутты көрсету үшін қолданылуға тиіс.

Айналып өтетін маршруттың бойында 5.30.1-5.30.3 белгілері әрбір қиылыстың алдынан орнатылуға тиіс. 5.30.1-5.30.3 белгілерін маршрут басталатын қиылыстың алдынан қиылыстан 100 м бастап 150 м дейінгі арақашықтықта алдын ала орнатуға жол беріледі.

5.6.42 5.31 «Айналып өту сызбанұсқасы» белгісі қозғалыс үшін уақытша жабылған учаскені айналып өту маршруттың көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.31 белгісі 150 м бастап 300 м дейінгі арақашықтықта, ал елді мекендерде - қиылыстан 50 м бастап 100 м дейінгі арақашықтықта орнатылуға тиіс.

5.6.43 5.32.1-5.32.3 «Айналып өту бағыты» белгілері қозғалыс үшін уақытша жабылған жол учаскесін айналып өту бағытын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.32.2 және 5.32.3 белгілері айналып өтудің басталар алдында орнатылуға тиіс. Егер айналып өту маршруты қолданыстағы жолдар желісі бойынша өтетін болса, онда 5.32.1-5.32.3 белгілері маршрутта болатын әрбір қиылыстың алдынан орнатылуға тиіс.

5.6.44 5.33 «Тоқтату сызығы» белгісі бағдаршамның (ретке келтіруші) тыйым салатын сигналы кезінде, сондай-ақ бағдаршам реттеуінсіз теміржол өтулерінде көлік құралдарының тоқтайтын орнын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.33 белгісі жолдың оң жағынан немесе өтетін бөліктің үстінен орнатылуға тиіс. Егер 5.33 белгісі өзінше қолданылатын болса (1.12 таңбасынсыз), онда оны бағдаршамнан, тоспадан немесе жақын рельстен қашықтату 6.2.14 талаптарына сәйкес анықталуға тиіс. 1.12 таңбасын қайталау үшін 5.33 белгісін қолдануға жол беріледі.

5.6.45 5.34.1 және 5.34.2 «Басқа өтетін бөлікке қайта құрылуды алдын ала көрсеткіш» белгілері өтетін оң жақ бөлікке оралу үшін қозғалыс бағытын және өтетін бөлік учаскесінің қозғалысы үшін жабық айналып өту бағытын көрсету үшін тиісінше бөлу жолағы болатын жолдарда қолданылуға тиіс.

5.34.1 белгісін 7.1.1 кестелігімен бірге 50 м бастап 100 м дейінгі арақашықтықта, ал елді мекендерде, одан басқа, 500 м сайын және қарсы бағыттағы қозғалыс үшін тағайындалған өтетін бөлікке өту іске асырылатын бөлу жолағындағы үзікке дейін орнатады.

5.34.2 белгісін 7.1.1 кестелігімен бірге 50 м бастап 100 м дейінгі арақашықтықта және ондағы өтетін оң бөлікке дейін өту іске асырылатын үзікке дейінгі арақашықтықта бөлу жолағында орнатады.

5.6.46 5.35 «Кері қозғалыс» белгісі кері бағдаршамдар немесе 5.8.7 және 5.8.8 және 5.8.8а белгілері арқылы өтетін бөліктің жеке жолақтары бойынша көлік құралдарының қозғалысын реттеу іске асырылатын жерлердегі жолдарды белгілеу үшін қолданылуға және жолдың басында орнатылуға тиіс.

Белгіні күрделі жоспарлануы болатын қиылыстардан кейін қайталауға жол беріледі.

5.6.47 5.36 «Кері қозғалыстың соңы» белгісі 5.35 белгісімен белгіленген жолдың шетін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

5.6.48 5.37 «Кері қозғалыс болатын жолға шығу» белгісі 5.35 белгісімен белгіленген жолға шығуды белгілеу үшін қолданылуға және барлық қапталдан шығуларда орнатылуға тиіс

5.6.49 «Тұрғындық аймақ» белгісі қозғалыс жағдайларына байланысты, Жол қозғалысы ережесінің арнайы талаптар [4] енгізілетін аумақ шекараларын белгілеу үшін қолданылуға және аймаққа кіретін жердің оң немесе сол жағынан орнатылуға тиіс.

5.6.50 5.39 «Тұрғындық аймақтың соңы» белгісі 5.38 белгісінің қолданылу аймағының соңын белгілеу үшін қолданылуға және 5.38 белгісінің кері жағында аймақтан шығуларда, ал ол болмағанда - аймақтан шығатын жердің оң немесе сол жағынан аймақтан шығуда орнатылуға тиіс.

5.6.51 5.40 «Максимальды жылдамдықты жалпы шектеу» белгісі Қазақстан Республикасының жолдарындағы [4] бойынша Жол қозғалысы ережесімен белгіленген жылдамдықты жалпы шектеу туралы көлік құралдары жүргізушілерін ақпараттандыру үшін қолданылуға тиіс.

Белгі Қазақстан Республикасының аумағына бақылау-өткізу пункттеріне кіру кезінде орнатылады.

5.6.52 5.41 «Апаттық қондырғыға арналған алаң» белгісі күрделі төмен түсуде апатты тоқтау үшін жолақтардың орналасуы туралы көлік құралдары жүргізушілерін ақпараттандыру үшін қолданылуға тиіс.

Белгі апаттық тоқтау үшін жолаққа кіру жолының алдына орнатылады.

ҚР СТ 1412-2017

7.1.1-кестелігімен 5.41 алдына ала белгісі төмен түсудің жоғары бөлігінде 1.13-белгісімен орнатылады. Төмен түсу ұзақтығында 7.1.1-кестелігімен 5.41 алдын ала белгілерін орнатуға жол беріледі.

5.6.53 5.42 «Фото-бейне тіркеу» белгісі стационарлық сертификатталған арнайы техникалық құралы немесе аспап [5] бойынша Жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын тіркеу туралы жүргізушілерді ақпараттандыру үшін қолданылуға тиіс.

5.6.54 5.43 «Жасанды кедір-бұдыр» белгісі жасанды кедір-бұдыр шекараларын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Белгі жасанды кедір-бұдырдың немесе жақын келетін көлік құралдарына қатысты 1.25 таңбасының жақын шекарасына орнатылады.

5.6.55 5.44 «Тұрақты шектеуі бар аймақ» және 4.46 «Максимальды жылдамдықты шектеуі бар аймақ» белгілері тұрақ регламенттелген және қозғалыстың максималды жылдамдығы шектелген шектерде аумақты (жол учаскесін) белгілеу үшін қолданылады.

Белгілер аумаққа (жол учаскесіне) барлық іру жолдарына орнатылады.

Барлық елді мекен үшін максималды жылдамдықты шектеуге жол берілмейді.

Сәйкесті шектеу, қозғалыс уақыты көлік құралын тұраққа қою тәсілі, оның ұзақтығы және т.с.с. таратылған көлік құралдарының түрлері туралы ақпаратты ҚР СТ 1125 бойынша кестелер бейнелерінің көмегімен 5.44, 5.46 белгілердің төменгі бөлігіне немесе белгілердің астына кестелерге орналасады.

5.6.56 5.48 «Жаяу жүргіншілер аймағы» жаяу жүргіншілерге ғана қозғалысқа рұқсат етілген аумақты (жол учаскесін) белгілеу үшін қолданылады.

Белгі аумаққа (жол учаскесіне) көлік құралдарының кіру жолы мүмкін болатын орындарға орнатылады.

5.6.57 5.45 «Тұрақты шектеуі бар аймақтың соңы», 5.47 «Максималды жылдамдық шектеуімен аймақтың соңы» және 5.49 «Жаяу жүргіншілер аймағының соңы» 5.44, 5.46 және 5.48 сәйкесті белгілерімен белгіленген аумақтың (жол учаскесінің) соңын көрсету үшін қолданылады.

Белгілер аумақтан (жолдың учаскесі) барлық шығу жолдарында орнатылады.

5.45, 5.47 және 5.49 белгілері сәйкесінше 5.44, 5.46 және 5.48 белгілерінің кері жағына орналастыруға жол беріледі.

5.7 Сервистің белгілері

5.7.1 6.1 «Алғашқы медициналық көмек пункті», 6.2 «Аурухана», 6.3 «Май құю стансасы», 6.3 а «Сығылған мұнай газының авто май құю стансасы», 6.4 «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету», 5.6 «Автомобильдерді жуу», 6.6 «Телефон», 6.7 «Тамақтану пункті», 6.8 «Ауыз су», 6.9 «Қонақ үй немесе мотель», 6.10 «Кемпинг», 6.11 «Демалыс орны», 6.12 «Жол полициясы бекеті», 6.13 «Көліктік бақылау бекеті», 6.14 «Полиция», 6.17 «Бассейн немесе жағажай», 6.18 «Дәретхана» сервис белгілерін тиісті объектілер туралы қозғалысқа қатысушыларға хабарлау үшін қолданады.

5.7.2 Сервис белгілері тікелей объектілерде, егер олар жол жақта орналасқан болса, оларға бұрылатын жерлерде орнатылуға тиіс.

Соңғы жағдайда белгіде объектіге қозғалу бағыты және оған дейінгі арақашықтық көрсетілуге тиіс.

Елді мекендерден тыс жолдарда сервис белгілері белгіленген объектіден 60-80, 15-20 км және 400-800м алдын ала орнатылуға тиіс, мұндай жағдайда белгілерде объектіге дейінгі арақашықтық көрсетілуге тиіс. Жолдан алыс орналасқан объектілерге дейінгі арақашықтық көрсетілетін кезде 60- 80 және 15-20 км алдын ала орнатылатын сервис белгілерінде объектіден бастап оған бұрылатын жерге дейінгі арақашықтықты да ескеру қажет.

Елді мекендер жолдарындағы сервис белгілері белгіленетін объектіден 100-150 м және оған жақын бұрылатын жерлерде (қиылыстарда) алдын ала орнатылуға тиіс.

6.4 белгісінде автомобильдерге техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтер сипаты туралы қосымша ақпарат болған кезде, объектіге дейінгі арақашықтықты 7.1.1, 7.1.3 және 7.1.4 жеке кестеліктерінде көрсетеді.

5.7.3 6.15 «Жол қозғалысы туралы ақпаратты беретін радиостансасын қабылдау аймағы» белгісі белгіде көрсетілген жиілікте радиостансаны хабарламаларын қабылдауды жүзеге асыратын жол учаскесінің басталуын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Белгі осындай учаскенің басында орнатылады және әрбір 20 км сайын учаске ұзақтығына қайталады.

5.7.4 6.16 «Апаттық қызметтермен радиобайланыс аймағы» белгісі 27 МГц азаматтық ауқымда апаттық қызметтермен радиобайланыс жүйесі қызмет ететін жолдың учаскесін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Белгі осындай учаске басына орнатылады және қажет болғанда оның ұзақтығында қайталады.

5.8 Қосымша ақпарат белгілері (кестеліктер)

5.8.1 Қосымша ақпарат белгілерін басқа жол белгілерінің қолданысын нақтылау немесе шектеу үшін қолданады. Кестеліктер белгілермен бірге ғана қолданылуға тиіс. Олар 7.2.2-7.2.4, 7.13 кестеліктерін қоспағанда, тікелей белгінің астынан орналасуға тиіс.

5.15 белгісін қоспағанда, бір белгімен екеуден артық болмайтын кестелікті қолдануға жол беріледі.

5.8.2 7.1.1 «Объектіге дейінгі арақашықтық» кестелігі, егер белгіден бастап қауіпті учаскенің басталуына дейінгі арақашықтық 5.2.2 көрсетілген арақашықтықтан аз немесе көп болса, ескерту белгілерімен, сондай-ақ 5.8.1, 5.8.2, 5.8.2а, 5.20.3, 5.30.1-5.31 белгілерін және сервис белгілерін қоспағанда, алдын ала орнатылған басқа белгілермен бірге қолданылуға тиіс.

5.8.3 7.1.2 «Объектіге дейінгі арақашықтық» кестелігі, егер қиылыстың алдынан 2.5 белгісі орнатылса, елді мекендерден тыс орнатылған 2.4 белгісімен ғана бірге қолданылуға тиіс.

5.8.4 7.1.3 және 7.1.4 «Объектіге дейінгі арақашықтық» кестеліктері 5.1, бірге жолдың қауіпті учаскесі жағына қарай бұрылатын жерлерде ескерту белгілерімен бірге, көрсетілген объектілерге бұрылатын жерлердегі 5.1, 5.3, 5.15 белгілерімен және жақын жаяу жүргіншілер жолына дейінгі арақашықтықты көрсету мақсатқа сай болатын жерде 5.16, 5.17 бірге қолданылуға тиіс.

5.8.5 7.2.1 «Қолданылу аймағы» кестелігі:

- 1.12-1.17, 1.21, 1.23, 1.25-1.30 белгілерімен бірге қауіпті учаскенің ұзындығын көрсету үшін, бұл ретте, егер белгі қайта орнатылатын болса, кестелікті қайталама белгінің астынан орнату керек;

- тыйым салатын 3.16, 3.20, 3.22, 3.24, 3.26 бірге белгінің қолданылу аймағын көрсету үшін. Кестелікте көрсетілетін белгінің қолданылу аймағы 5.4.31 тармағында қарастырылатын аймақтан аспауға тиіс;

- 7.6.1-7.6.18 кестеліктерінің бірімен орнатылатын ақпараттық-сілтемелік 5.15 белгісімен және белгілердің қолданысы жақын қиылысқа дейін таралмайтын болса, ол ескерту белгісімен қолданылатын жағдайдан басқа, 5.18.1 белгісімен бірге, бұл ретте 5.15 белгісімен қолданылатын 7.2.1 кестелігі 6.7.1 - 7.6.18 кестеліктерінің астынан орналастырылуға тиіс;

- бірінен кейін бірі орналасқан бір немесе бірнеше тоқтайтын алаңдардың ұзындығын көрсету үшін 5.12 белгісімен бірге қолданылуға тиіс.

ҚР СТ 1412-2017

5.8.6 7.2.2-7.2.6 «Қолданылу аймағы» кестеліктері 3.27-3.30 белгілерімен ғана бірге қолданылуға тиіс:

- 7.2.2 кестелігі - егер ол жақын қиылысқа дейін таралмайтын болса, белгінің қолданылу аймағын көрсету үшін;
- 7.2.3 кестелігі - белгінің қолданылу аймағының соңын көрсету үшін;
- 7.2.4 кестелігі - жүргізушілерді олардың белгінің қолданылу аймағында болатыны туралы ақпараттандыру үшін;
- 7.2.5 және 7.2.6 кестеліктері - алаң, ғимараттың қасбеті және т.с.с. жанынан тоқтау немесе қоюға тыйым салатын кезде оның оң және (немесе) сол жағынан белгінің қолданылу аймағын көрсету үшін.

Белгілерді тіреулерге орналастырған кезде 7.2.2-7.2.4 кестеліктері белгінің астынан орналастырылуға тиіс. Белгілерді аспалы тіреулерге немесе өтетін бөлік, жол бойы немесе тротуар үстінен орналастыратын кезде, кестеліктер белгінің бүйірінен белгі өтетін бөліктің ортасына таман болатындай етіп орналастырылуға тиіс (оңынан немесе солынан).

5.8.7 7.3.1-7.3.3 «Іс-әрекет бағыттары» кестеліктері қиылысатын жолда олардың әрекеттерінің бағытын көрсету үшін қиылыстың алдына тікелей орнатылатын 3.2-3.9, 3.27, 3.28, 4.4, 5.3 белгілерімен бірге қолданылуға тиіс.

Егер ол өтетін бөліктің шетінен 10 м артық болмай алыстатылса, жолға қатысты тоқтайтын алаңның орналасуын көрсету үшін 5.15 белгісі болатын 7.3.1 және 7.3.2 кестеліктерін қолдануға жол беріледі.

5.8.8 7.4.1-7.4.8 «Көлік құралының түрі» кестеліктері белгінің қолданысы таралатын көлік құралының түрін көрсету үшін қолданылуға тиіс.

7.4.9 - 7.4.14 кестеліктер белгінің әрекеті таратылмайтын көлік құралының түрін көрсету үшін қолданылады.

7.4.14 кестелігі жеңіл такси ретінде пайдаланылатын көлік құралдарына арналған белгінің әрекеті қолданылмайды.

5.8.9 7.5.1 «Сенбілік, жексенбілік және мерекелік күндер», 7.5.2 «Жұмыс күндері және 7.5.3 «Аптаның күндері» кестеліктері белгі қолданылатын мерзімдегі апта күндерін көрсету үшін қолданылуға тиіс.

7.5.4 «Қолданылу уақыты» кестелігі белгі қолданылатын мерзімдегі тәулік уақытын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

7.5.5-7.5.7 «Қолданылу уақыты» кестеліктері белгі қолданылатын мерзімдегі апта күндерін және тәулік уақытын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.8.10 7.6.1-7.6.18 «Көлік құралын тұраққа қою тәсілі» кестеліктері тротуар тұрағының жанына көлік құралдарын қою тәсілін көрсету үшін 5.15 белгісімен қолданылуға тиіс.

7.6.1 және 7.6.10 кестелері барлық көлік құралдарының тротуардың жанынан өтетін бөліктегі тұраққа қойылуға тиіс екендігін көрсетеді. 7.6.2-7.6.18 кестеліктері жеңіл автомобильдер мен мотоциклдерді қою тәсілін көрсетеді.

5.8.11 7.7 «Жұмыс істемейтін қозғалтқышпен қою» кестелігі көлік құралдарын жұмыс істейтін қозғалтқышпен қоюға тыйым салу үшін 5.15 белгісімен қолданылуға тиіс.

5.8.12 7.8 «Ақылы қызметтер» кестелігі ақылы қызметтер көрсетілетін объектілерді белгілеу үшін 5.1, 5.3, 5.15, 6.1, 6.2 және 6.11 белгілерімен қолданылуы мүмкін.

5.8.13 «Тұрақтың ұзақтығын шектеу» кестелігі көлік құралдарының тұрақта максималды рұқсат етілетін тұру ұзақтығын көрсету үшін 5.15 белгісімен қолданылуға тиіс.

5.8.14 7.10 «Автомобильдерді қарауға арналған орын» кестелігі эстакада немесе қарау шұңқыры болатын тұрақ алаңдарын белгілеу үшін 5.15 және 6.11 белгілерімен қолданылуға тиіс.

5.8.15 7.11 «Рұқсат етілген максималды (толық) массаны шектеу» кестелігі белгі қолданысының максималды рұқсат етілетін (толық) массасы кестелікте көрсетілгеннен артық көлік құралдарына ғана таралатынын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.8.17 7.13 «Негізі жолдың бағыттары» кестелігі өзінің бағытын өзгертетін жердегі қиылыста басты жолдың бағыттарын көрсету үшін 2.1, 2.4 және 2.5 белгілерімен қолданылуға тиіс.

Белгілерді тіреуге орналастыратын кезде кестелік белгінің астынан орналастырылуға тиіс. Белгілерді аспалы тіреулерде немесе өтетін бөлік, жол бойы немесе тротуардың үстінен орналастырған кезде кестелік белгінің оң жағынан орналастырылуға тиіс.

5.8.18 7.14 «Қозғалыс жолағы» кестелігі белгінің қолданысы таралатын жолақты көрсету үшін қолданылуға тиіс, бұл ретте белгі қозғалыс жолағының үстінен орналастырылуға тиіс.

5.8.19 7.15 «Көзі көрмейтін жаяу жүргіншілер жолдары» кестелігі 1.20, 5.16.1 және 5.16.2 белгілерімен тиісті қолдану, сондай-ақ жаяу жүргіншілер жолдарын көзі көрмейтін жүргіншілердің пайдаланатынын ескерту үшін көлік бағдаршамдарымен бірге қолданылуға тиіс.

5.8.20 7.16 «Дымқыл қаптама» кестелігі 1.15, 3.20, 3.22 және 3.24 белгілерімен бірге белгінің өтетін бөліктің қаптамасы дымқыл болатын кездегі уақыт кезеңінде ғана қолданылатынын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.8.21 7.17 «Мүгедектер» кестелігі 5.15 белгісімен бірге тұрақ алаңының (немесе оның бөлігі) «Мүгедек» танымдық белгілері орнатылған көлік құралдарын қою үшін қашықтатылғанын көрсету үшін қолданылуға тиіс (А.11 суреті).

5.8.22 7.18 «Мүгедектерден басқа» кестелігі белгінің Мүгедек танымдық белгілері орнатылған көлік құралдарына қолданылмайтынын көрсету үшін қолданылуға тиіс (Б -қосымшасы).

5.8.23 7.19 «Қауіпті жүк класы» кестелігі 3.32 белгісімен бірге ГОСТ 19433.1 және [6] бойынша кестелікте көрсетілген класс (кластар) нөмірлерінің қауіпті жүк тиелген көлік құралдарының қозғалысына тыйым салатынын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

5.8.24 7.4.8a және 7.21.1 «Маршруттық көлік құралының түрі» кестеліктері метро стансасындағы көлік құралдарының тұрағы, автобус және (немесе) троллейбус, трамвай аялдамалары үшін алаңды көрсету үшін 5.15 белгісімен қолданылады.

5.8.25 7.22 «Эвакуатор жұмыс істеп тұр» кестелігі көлік құралының кешігуі мүмкін екендігі туралы ақпараттандыру және оны мамандандырылған тұраққа орналастыру үшін 3.27 - 3.30 тыйым салу белгілерімен бірге қолдануға жол беріледі.

5.8.26 7.4.9 «Туристік автобус» кестесі туристік автобусты тоқтату және оған туристерді отырғызу үшін алаңды көрсету үшін 5.15 «Тұру орны» белгісімен қолданылады.

6 Жол таңбасын қолдану ережесі

6.1 Жалпы талаптар

6.1.1 Таңбаның нөмірлері мен кескіндері Г қосымшасында берілген.

6.1.2 Жолдарды таңбалаған кезде қозғалыс жолақтарының ені қолданыстағы құрылысы нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес, жол санаттары ескеріліп қабылдануға тиіс. Көлденең пішін элементтері қолданыстағы құрылысы нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес келмейтін жолдарда таңбаланатын қозғалыс жолағының ені 3,0 м кем болмауға тиіс; қозғалыс режиміне қажетті шектеулер енгізілетін жағдайда жеңіл автомобильдердің 2,75 дейін қозғалуы үшін тағайындалған жолақтың енін азайтуға жол беріледі.

ҚР СТ 1412-2017

6.1.3 Бойлық жікке, жолай бағыттағы ағынды бөлетін таңбаның бойлық сызығына түсетін кезде цементбетон қаптамаларда оны қозғалу барысы бойынша сол жағынан, ал қарсы бағыттың бөлу ағындарын - кез келген жағынан жікпен қатар салуға жол беріледі.

6.1.4 Таңба өздігінен сияқты, жол белгілері және бағдаршамдармен үйлестіріліп те қабылдануы мүмкін.

6.2 Көлденең таңба

6.2.1 Көлденең таңбаға жетілдірілген жол төсеміне салынатын сызықтар, меңзерлер және өзге белгілеулер кіреді.

6.2.2 Көлденең таңба барлық пайдалану жолдарында және көшелерде қолданылады.

6.2.3 1.1 таңбасы мынадай жағдайларда қолданылуға тиіс.

1. Екі бағытта да қозғалу үшін екі немесе үш жолағы болатын жолдарда қарама-қарсы бағыттағы (осьтік сызық) көлік ағындарын бөлу үшін:

- көрінуі рұқсат етілетіннен¹ (А және А1) аз аймақтар бірін-бірі (В учаскесі) жабатын жердегі көріну қамтамасыз етілмеген (3-кестені қараңыз) жол учаскелерінде (А.1, А.3 суреттері);

- радиусы 50 м аспайтын, сондай-ақ ауыспалы радиус болатын учаскелерде олармен жанасатын жоспардағы қисықтың барлық ұзындығында. Бұл ретте екі жолағы болатын жолдарда таңба 6-кестеге сәйкес, ішкі жолақ енінің сыртқы жолаққа арақатынасы сақталатындай болып салынуға тиіс. Үш жолағы болатын жолдарда аталған арақатынас шеткі жолақтарға дейін сақталады, ал ортаңғы жолақ мұндай жағдайда бөлгіш сияқты пайдаланылуға тиіс.

6-кесте. Өтетін бөліктің ішкі жиегі бойынша радиус

Өтетін бөліктің ішкі жиегі бойынша радиус, м	10-15	15-20	20-30	30-50	50
Өтетін бөліктің ішкі жолағы енінің сыртқы жолақ еніне арақатынасы	1,4	1,3	1,2	1,1	1,0

- көрінуі қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес келмейтін қиылыстар алдында және қиылысатын жол бойынша қозғалыс қарқындылығы 50 авт/тәул. және одан артық кезде - 1.12, 1.13 таңбаларынан немесе өтетін бөліктің қиылысатын шетінен 20 (40)³ кем болмайтын кезде алдынан (А.5, А.6, А.12 суреттері);

- 1.12 таңбасынан 100 м арақашықтықта жақын рельстен бастап және 1.12 таңбасына дейінгі темір жол өтулерінің алдынан;

- барлық көлік құралдарының басып озуына тыйым салынатын жерлерде;

- қозғалыс жолағы не тарылатын жолақ шекараларынан 0,3 м жақын болатын кедергілер алдынан (өтпелі тіреулері, қауіпсіздік аралықшалары, жиектас және т.с.с.), сондай-ақ 1:20 (1:50) (өтпелі сызық) артық болмай оське арналған көлбеуі бар аталған бағытта жолақтар саны азаятын немесе артатын кезде. Өтпелі сызықтың алдында ауытқу басталудан 20 (40) м арақашықтықта өтетін бөліктің осыне параллель 1.1 таңбасы салынуға тиіс (А.8 суретін қараңыз);

¹ Көру шектелген жол учаскелерінде біреуі бір бағыттағы қозғалыс кезінде, ал екіншісі - басқа бағыттағы қозғалыс кезінде қадағаланатын, көрінуі рұқсат етілгеннен кем екі аймақ болуы мүмкін (3-кестені қараңыз).

- қозғалыс қарқындылығы 3000 авт/тәул. артық кезінде велосипед жолдарымен қиылыстар, жаяу жүргіншілер жолдарының алдынан.

2. Бір бағыттағы қозғалысқа арналған жолақтар саны екі немесе одан артық болатын жолақтар шекараларын белгілеу үшін:

- 1.12 немесе 1.13 таңбадан (А.6, А.7 суреттері) 20 (40) м кем болмайтын қиылыстар, жаяу жүргінші жолдары және темір жол өтулері алдынан;

- қажет болған кезде маршруттық көлік құралдары үшін жолақтың өтетін бөлігіне бөлу (А.15 суреті).

- қажет болғанда маршруттық көлік құралдары үшін жолаққа өтетін бөлікке бөлу (А.15 суретті қараңыз). Бұл ретте маршруттық көлік құралдары үшін бір бағытта үш және одан астам жолақтармен жолдарда және (немесе) көшелерде орнатылады.

3. Кіруге тыйым салынған өтетін бөлік учаскелерінің шекараларын белгілеу үшін (қауіпсіздік аралықшалары, тоқтайтын аландар және т.с.с.) (А.9, А.16 суреттері).

4. Көлік орындарын қоятын орныдардың шекараларын белгілеу үшін (А.10, А.11 суреті). Бұл ретте, өтетін бөліктің шеті жанынан автомобильдерді тізбектеп орналастырған кезде бір рет тоқтайтын орынның минималды өлшемдері жеңіл автомобильдер үшін (2,5×7,5) м және жүк автомобильдері үшін (3,0 ×10,0) м, ал автомобильдерді бір-біріне қатысы бойынша параллель орналастыратын кезде - тиісінше (2,5×5,0) м және (3,0 ×7,0) м болуға тиіс.

5. Өтетін бөліктің ені 6,5 м артық және 5.1 «Автомагистраль» белгісімен (А. 16 суретін қараңыз) белгіленбеген жолдарда өтетін бөліктің шеттерін (шеткі сызық) белгілеу үшін.

Таңбаны өтетін бөліктің шетінен 0,2 м арақашықтықта салу керек. Жиектас болатын кезде шеткі сызықты жолдың қауіпті учаскелерін қоспағанда, салмауға жол беріледі.

6.2.4 1.2 таңбасы 5.1 «Автомагистраль» белгісімен белгіленген жолдарда өтетін бөліктің шетін (шеткі сызық) белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Таңбаны өтетін бөліктің шетінен 0,2 м арақашықтықта салу керек.

6.2.5 1.3 таңбасы екі бағытта да төрт немесе одан артық қозғалыс жолақтары болатын жолдарда қарама-қарсы бағыттардың (осьтік сызық) көлік ағындарын бөлу үшін қолданылуға тиіс (А.6, А.7 суреттері).

6.2.6 1.4 таңбасы көлік құралдарының тоқтауына тыйым салынған жерлердегі жол учаскелерінде қолданылуға тиіс. Таңбаны өтетін бөліктің шетінен немесе жиектастан жоғары 0,1 м арақашықтықта салу керек (А.10 суреті).

6.2.7 1.5 таңбасы үшін қолданылуға тиіс:

- 6.2.3 және 6.2.13 тармақтарында көрсетілген жайттардан басқа, екі бағытта да екі немесе үш жолағы болатын жолдарда қарама-қарсы бағыттағы (осьтік сызық) (А.1, А.3-А.5, А.7, А.8, А.10, А.14, А.16, А.17 суреттері) көлік ағындарын бөлу;

- 6.2.3 және 6.2.13 тармақтарында көрсетілген жайттардан басқа, бір бағыттағы қозғалысқа арналған екі немесе одан артық қозғалыс жолақтары (А.6-А.8, А.12-А.15 суреттері) болатын кезінде олардың шекараларын белгілеу.

6.2.8 1.6 таңбасы қарама-қарсы (А.1, А.3-А.5, А.7, А.8 суреттері) көлік ағындарын немесе жолай (А.6, А.7, А.12 суреттері) бағыттарды бөлетін 1.1 немесе 1.11 таңбасына жақындауды (жақындасу сызығы) белгілеу үшін қолданылуға және олардың алдынан 50 м, 100 м кем болмайтын арақашықтықта салынуға тиіс.

¹⁾ Қарама қарсы автомобильдің шектеулі көрінуімен жол учаскесінде біреуі қозғалыс кезінде бір бағытта, ал екіншісі қозғалыс кезінде қарама-қарсы бағытта бақыланатын аз көрінетін (2-кестені қараңыз) екі аймақ болуы мүмкін.

²⁾ Мұнда және одан әрі авт/тәул (авт/сағ) өлшемдігі табиғи (физикалық) көлік бірліктерінде өлшенетін қозғалыстың қарқындылығына, бірл/тәул (бірл/сағ) өлшембірлігі келтірілген көлік бірліктерінде өлшенетін

ҚР СТ 1412-2017

қарқындылыққа қолданылады. Келтіру коэффициенттері қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес қолданылады.

³⁾ Мұнда және одан әрі бірінші сан қозғалыстың рұқсат етілетін 60 км/сағ жылдамдығымен, екіншісі, жақшада 60 км/сағ астам жылдамдықпен жолдарда таңбалау үшін пайдаланылады.

6.2.9 1.7 таңбасы көлік құралдары қозғалысының траекториясын көрсету немесе қозғалыс жолағының шекарасын белгілеу қажет болған кездегі жағдайларда қиылыс шегіндегі қозғалыс жолақтарын белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.5, А.6, А.12, А.15 суреттері).

1.7 таңбасы жолда қозғалыс бағытын өзгертпей қиылыста қозғалыстың жолағын ауыстыру кезінде қозғалыс траекториясын белгілеу үшін қолданылған жағдайда (А6-суретін қараңыз) сәйкесінше 40, 60 және одан артық км/сағ рұқсат етілген жылдамдық үшін 1:10, 1:20 және 1:50 артық емес оське еңіспен 1.7 таңбасын орындау қажет.

6.2.10 1.8 таңбасы екпін немесе тежеу жолағы және негізгі қозғалыс жолағы арасындағы шекараны белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.13 суреті). Бұл ретте таңбаның ені автомагистральдарда 0,4 м және басқа жолдарда 0,2 м болуға тиіс.

6.2.11 1.9 таңбасы (кері сызық) үшін қолданылуға тиіс:

- кері реттеу үшін тағайындалған қозғалыс жолақтарының шекаралын белгілеулер (А.14 суреті);

- кері реттеу пайдаланылатын жердегі жол учаскелерінде қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөлу (сөндірілген кері бағдаршамдар кезінде).

6.2.12 1.10 таңбасы көлік құралдарын қоюға тыйым салу қажет болатын жерлердегі жол учаскелерінде қолданылуға тиіс (А.10 суреті).

Таңбаны өтетін бөліктің шетінен немесе жиектастан жоғары 0,1 м арақашықтықта салу керек.

6.2.13 1.11 таңбасы көлік құралдарының бір жолақтан екіншісіне көшуіне тыйым салу қажеттілігі кезінде қарама-қарсы бағыттағы немесе жолай бағыттағы (кедіргі сызығы) ағындарды бөлу үшін қолданылуы тиіс. Елдімекен пункттерінде көлік құралдарының сол жаққа бұрылуы және кері бұрылуы үшін орын бөлумен байланысты 1.11 таңбасын бір бағыттағы көлік құралдары қозғалыс үшін 3 және одан да астам жолақтары бар жолдарға және көшелерге қолдануға тыйым салынады.

Қарама-қарсы бағыттағы ағындарды бөлу үшін қолданылатын 1.11 таңбасы көрінуі шектелген жол учаскелерінде, оның ішінде еңістер мен жарларда салынуға тиіс. Осындай тұтас сызық болатын жерлердегі 1.11 таңбасы қарсы қозғалыс жолағына шығуға тыйым салу қажет болатын жаққа қаратылуға тиіс (А.3 және А.4 суреттері).

1.11 таңбасын белгіленген жаяу жүргіншілер өтулері, велосипед жолымен қиысулар, олардан 20 (40) м кем болмайтын арақашықтықта 3000 тәул/бірл. кем қозғалыс қарқындығы кезінде алдынан, сондай-ақ 1.12 таңбасынан 100 м арақашықтықтағы темір жол өтулерінің алдынан қарама-қарсы бағыттағы ағындарды бөлу үшін қолдануға жол беріледі, б92 ретте тұтас сызықтың 1.11 таңбасы қозғалыс аталған жол учаскелері жаққа іске асырылатын жолақ жағына қаратылуға тиіс (А.7 суреті).

Жолай бағыттағы көлік ағындарын бөлу үшін қолданылатын 1.11 таңбасы салынуға тиіс:

- қозғалыс жар төбесінен 50 м және одан кейін 30 м кем болмайтын арақашықтықта екі жолақ бойынша іске асырылатын жар жағындағы өр учаскелерінде. Мұндай жағдайда тұтас сызықтың 1.11 таңбасы шеткі оң жолақ жаққа қаратылуға тиіс;

- жылдамдық шегі жоғары көлік құралдарының қозғалысы ұйымдастырылатын жолақтың шеткі сол жағына қайта құрылымдауға тыйым салу үшін жолдардың көп жолақты учаскелерінде;

- басқаша жағдайларда, қозғалыстың көршілес сол немесе оң жолағына қайта құру мүмкіндігін болдырмау қажет болған кезде көлік құралдарының қайта құру немесе бұру

орындарын белгілеу үшін, іргелес жатқан аймаққа кіретін және одан шығатын жерлерді белгілеу үшін 1.1-1.3 таңбасында учаскелер бөлу (А.7, А.10, А.12, А.15, А.16 суреттері).

1.11 таңбасының жіңішке сызығы және жіңішке сызықтары арасындағы аралықтың ұзындығы оның алдындағы 1.6 жақындау сызығындағы сияқты болуға тиіс, ал ол болмайтын кезде, тиісінше, 0,9 және 0,3 м дейін азайтылуы мүмкін.

6.2.14 1.12 «Тоқтату сызығы» таңбасы қозғалыс бағдаршаммен реттелетін жерлерде және темір жол өтулерінің алдынан 2.5 «Тоқтаусыз қозғалуға тыйым салынған» белгісі болатын кезде қиылыстар алдынан қолданылуға тиіс (А.5-А.7 және А.15 суреттері).

Қозғалыс бағдаршаммен реттелетін жерлерде «тоқтату сызығын» тоқтайтын көлік құралдары жүргізушілеріне бағдаршам сигналдарының көрінуін қамтамасыз ету ескеріліп салу керек. Бұл ретте тоқтату сызығынан бағдаршамға дейінгі арақашықтық бағдаршамдар өтетін бөліктің үстінен және өтетін бөліктің қапталынан 3 м орналасқанда 10 м кем болмауға тиіс.

Темір жол өтулерінде «тоқтату сызығын» тоспа немесе бағдаршамнан 5 м кем болмайтын арақашықтықта салу керек, ал олар болмаған кезде - жақындау рельстен 15 м кем болмайтын арақашықтықта орналастыру керек (А.7 суреті).

Аталған арақашықтықтарды 3 типті бағдаршам болған кезде тиісінше 5 және 1 м дейін азайтуға жол беріледі

6.2.15 1.13 таңбасы 2.4 «Жол беріңіз» белгісі болатын кезде көлік құралдарының тоқтайтын орнын белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.12 суреті).

6.2.16 1.12 және 1.13 таңбасын аталған қозғалыс бағытының өтетін бөлігінің барлық ені бойынша бірден салу керек сияқты, әрбір қозғалыс жолағында жеке салуға да жол беріледі (А.5 және А.12 суреттері).

1.11 және 1.13 таңбасын, мүмкіндігінше, қиып өтетін бөлікке жақын қозғалыс жолағының осыне тік бұрышпен салу керек (1.12 таңбасын - оның алдынан немесе жерүсті жаяу жүргіншілер жолының алдынан 1 м кем етпей).

6.2.17 1.14 таңбасы жаяу жүргіншілерді өтетін бөлікпен қиыстыру үшін бөлінген жерлерді белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

Таңбаланатын жаяу жүргіншілер өтуінің ені сағатына әрбір 500 жаяу жүргіншінің жаяу жүру қарқындылығы 1 минут есептеліп, ескеріліп белгіленеді, бірақ 4 м кем емес.

1.14.1 және 1.14.2 таңбасы реттелмейтін жаяу жүргіншілер өтулерінде қолданылуға тиіс. 6 м кем жаяу жүргіншілер өтулерінің ені кезінде 1.14.1 (А.5 және А.17 суреттері) таңбасын, ал 6 м және одан артық ені кезінде - 1.14.2 (А.5 суреті) таңбасын қолдану керек. 1.14.1 және 1.14.2 таңбасының сызықтары өтетін бөліктің осыне параллель салынуға тиіс.

1.14.3 таңбасы қозғалыс бағдаршаммен реттелетін жерлердегі жаяу жүргіншілер өтулерінде қолданылуға тиіс (А.6 суреті).

1.14.4 таңбасы қауіптілігі жоғары орындарда реттелмейтін жаяу жүргін өту жолдарында қолданылуға тиіс.

3-D форматында немесе ақ пен сары түстерді жағып, көлемді таңба түрінде 1.14 таңбасын қолдану мүмкіндігімен 1.14.1, 1.14.2 таңбасымен үйлесуімен 1.14.3 жол таңбасын қолдануға рұқсат етіледі.

6.2.18 1.15.1 және 1.15.2 таңбасы өтетін бөліктің велосипед жолымен қиылысуын белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.12 суреті).

1.15 немесе 1.15.2 таңбасын жасайтын тікбұрыштардың екі қатарының арасындағы арақашықтық велосипед жолының еніне тең болуға тиіс.

6.2.19 1.16.1-1.16.3 таңбасы бағыттауыш аралықтарды белгілеу үшін қолданылуға тиіс, бұл ретте 1.16.1 таңбасын қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөлетін, 1.16.2 таңбасын - бір бағыттағы көлік ағындарын бөлетін жерлерде (А.13 суреті) және 1.16.3 таңбасын - көлік құралдары ағынының қосылатын жерінде қолдану керек (А.12 суреті).

ҚР СТ 1412-2017

Ауданы үлкен болатын аралықшаларда 1.16.1-1.16.3 таңбасын А.9 суретіне сәйкес орындауға жол беріледі.

6.2.20 1.17 таңбасы тоқтайтын алаңдардың қамтамасыз етілген негізгі өтетін бөліктерін қоспағанда, маршруттық көлік құралдарының тоқтатын орныдары мен жеңіл таксилердің тұрақтарын белгілеу үшін қолданылуға тиіс. 1.17 таңбасының ұзындығы тоқтайтын немесе тұратын көлік құралдарының бір мезгілдегі саны ескеріліп анықталуға тиіс, бірақ троллейбустар, автобустар аялдамалары 30 м үшін және такси тұрақтары үшін 20 м кем емес (А. 16 суреті).

1.17.2 таңбасы өтетін бөліктің бір деңгейінде орналасқан трамвайдың аялдама пунктіннің аймағы шекараларын көрсету үшін қолданылуға тиіс.

6.2.21 1.18 таңбасы жолақтар бойынша қиылыста рұқсат етілетін қозғалыс бағытын көрсету үшін қолданылуға тиіс (А.6, А.12, А.13, А.15 44 суреттері). Бұл ретте олардың арасындағы арақашықтық 20 м бастап 30 м дейін болатын екі (үш) немесе одан артық меңзер тізбектеп салынуға тиіс. Қиылысуға жақын меңзердің табаны қозғалыстың жолай бағыттарының ағынын бөлетін 1.1 таңбасының басталу деңгейінде болуға тиіс.

Тұйыққа тірелу кескінделген таңба жақын өтетін бөлікке бұрылуға тыйым салынатын кезде гүлзар не кең бөлу жолағымен бөлінген өтетін бөліктермен жолдың қиылысулары алдында салынуға тиіс. Егер гүлзар немесе бөлу жолағының ені осы тармақта берілетін шарттарға сәйкес тұйыққа тірелуді кескіндемей меңзерлер салуға мүмкіндік беретін болса, осы таңбаны салмайды.

6.2.22 1.19.1 және 1.19.2 таңбасы аталған бағыттағы қозғалыс жолақтарының саны азаятын жерлерде немесе шектелген көріну кезінде қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөлетін 1.1 немесе 1.11 таңбасының алдынан 1.6 таңбасымен үйлестіріліп салынуға тиіс (6.2.3 және 6.2.13 тармақтары, А.3, А.4, А.7, А.8 және А.12 суреттері). Бұл ретте араларының арақашықтығы 15, 30, 45 м және .. (30, 60, 90 м және ..) екі (үш) немесе одан артық меңзерлер тізбектеліп салынуға тиіс.

6.2.23 1.20 таңбасы 1.13 таңбасына жақындағанды белгілеу үшін қолданылуға тиіс және әрбір қозғалыс жолағына салынады.

1.20 таңба және 1.13 таңбасының үшбұрышты табаны арасындағы арақашықтық 2 бастап 10 м дейін (10 бастап 25 м дейін, А.12 суретін қараңыз) құрауға тиіс.

6.2.24 1.21 таңбасы егер 2.5 «Тоқтаусыз қозғалуға тыйым салынған» белгісі орнатылса, 1.12 таңбасымен үйлестіріліп қолданылуға тиіс және әрбір қозғалыс жолағында салынады.

1.21 және 1.12 таңбасының арасындағы арақашықтық 2 м бастап 10 м (10 м бастап 25 м дейін, А.5 суретін қараңыз) дейін құрауға тиіс.

6.2.25 1.22 таңбасы жол санаты тең немесе барынша жоғары басқа жолмен қиылысатын кездегі не маршрут басқа жолмен қиылысу орнында өзінің бағытын өзгертетін кездегі жағдайда жол немесе маршруттың нөмірлерін белгілеу үшін 1.18 таңбасымен үйлестіріліп қолданылуға тиіс.

1.20 таңбасы қиылыстар және олардан кейінгі тиісті маршрут бағыты бойынша қозғалыстың әрбір жолағының ортасынан салынуға тиіс.

«Е» әрпі салынған таңба белгіленген тәртіппен халықаралық қозғалыс үшін тағайындалған жолдарда қолданылуға тиіс.

1.22 таңбасы 1.18 таңбасынан 1,0 м арақашықтықта салынуға тиіс (А.13 суреті).

6.2.26 1.23 таңбасы 5.9 белгісімен белгіленген және маршруттық көлік құралдарының қозғалысы үшін ғана тағайындалған жолақтарға салынуға тиіс (А.15 суреті).

1.23 таңбасын маршруттық көлік құралдарының тоқтау пункттеріндегі тежеу жолақтарына салуға жол беріледі (А.16 суреті).

1.23 таңбасы онда қозғалатын көлік құралдарының жағына табанмен қозғалыс

жолағының ені бойынша салынуға тиіс. Жолақтың басында өтетін бөліктердің қиылысу шекарасынан 10 м арақашықтықта бірінші таңбаны, 20 м кейін екіншісін салады.

1.23. таңбасын қиылыстан 50 м алыс орналасқан маршруттық көлік құралдарының тоқтайтын пунктiнен кейiн қайталау керек.

Ұзындығы 200 м артық асуларда 1.23 белгiсiн 200 м сайын қайталау керек. Нақты жағдайларға байланысты аталған арақашықтық өзгеруi мүмкiн.

6.2.27 1.24.1, 1.24.2 таңбасы жол белгiлерi жеткiлiксiз көрiнетiн кезде салынады. Жол таңбасын салу орны ескерту және тыйым салу белгiлерiн орнату бойынша талаптарға сәйкес болуға тиiс (А.17 суретi).

1.24.1, 1.24.2 таңбасын қажет болған кезде белгiленетiн учаскенiң барлық бойынша қайталауға жол берiледi.

Жүргiзушiнiң орнынан көлденең таңбаның шынайы кескiнiн алу үшiн сызықтық өлшемдер көлiк құралының қозғалу жылдамдығына байланысты кескiндеу перспективалары ескерiлiп түзетiлуге тиiс.

6.2.28 1.24.3 таңбасы мүгедектерге арналған көлiк құралдарын қою үшiн бөлiнетiн алаңның ортасына салынады. Мүгедек үшiн тағайындалған бiр машина орнының енi мүгедектер арбасын еркiн орналастыру үшiн жеткiлiктi болуға тиiс, бiрақ 4 м кем емес (А.11 суретi).

1.24.4 таңбасын 5.42 «Фотобейнетiркеу» белгiсiн қайталау үшiн қолдануға жол берiледi. 1.24.4 таңбасын «Фотобейнетiркеу» белгiсiмен жолдың көлденең қиылысына да қояды. Көпжолақты жолдарда 1.24.4 таңбасын тiркеу бөлiнген жолақ бойынша жүзеге асырылған кездегi жағдайларды қоспағанда әрбiр жолаққақояды.

1.24.4 таңбасын өздiгiнен қабылдауға жол берiледi. Бұл ретте 1.24.4 таңбасы елдiмекендерден тыс кемiнде 300 м қашықтықта, ал елдiмекендерде тiркеу жүзеге асыралуы мүмкiн жол учаскесi басталғанға дейiн кемiнде 100 м қашықтықта және одан әрi оның бардық ұзақтығында әрбiр 500 м сайын, маршруттық көлiк құралдары үшiн бөлiнген жолақта 1.23 таңбасынан кемiнде 25 м қашықтыққа қойылады. 1.24.4 таңбасына жақын немесе қиылысқан кезде әрбiр қиылыс сайын қайталайды.

1.24.4-таңбасы көлiк құралдарының онымен қозғалатын жағына негiздеп, осы бағыттағы қозғалысқа арналған әрбiр жолақтың ортасына қойылады.

6.2.29 1.25 таңбасы жасанды адыр-бұдырдың барлық бетiне салынады. Жасанды кедiр-бұдырды орнатар алдында жылдамдықты шектеу шегi орнатылуға тиiс жасында кедiр-бұдыр алаңына 1.16.1 және 3.24 белгiлерi орнатылуға тиiс (А.17 суретi).

6.2.30 1.26 және 1.27 таңбасы 4.5.4 және 4.5.5 белгiлерiмен белгiленген жолдарға қойылады.

Таңба велосипедтердiң немесе жаяу жүргiншiлердiң онымен қозғалысы жағына негiзделген жолдың (жолақтың) осы бойынша қойылады, оның басталуы мен соңында да қайталаанады:

- жол басталғаннан кейiн 20 м сайын;

- жаяу жүргiн немесе велосипед долымен қиылысу аумағына жақын шығу жолынан, әрбiр қиылыстан кейiн;

- ұзындығы 500 және одан артық басып озуларда – 200 м сайын.

6.2.31 Жалпы қолданыстағы жолдарда 1.1, 1.3-1.7, 1.9-1.11, 1.17 таңбалары сызықтарының енi, сондай-ақ 1.16.1-1.16.3 таңбаларының шекаралық сызықтары 10 см бастап 15 см дейiн болуға тиiс.

6.3 Тiк таңба

6.3.1 Тiк таңбаға көпiрлер, өтпешолдар тiреулерiнiң элементтерiне, туннель порталдарының шеткi беттерiне, жақтауларға, қоршауларға, жиектастар мен басқа да жол

ҚР СТ 1412-2017

имарттарына және жолды жабдықтау элементтеріне олардың жол қозғалысына қатысушыларға көрінуін жақсарту мақсатында салынатын сызықтар мен белгілеулер кіреді.

6.3.2 2.1.1-2.1.3 таңбасы жол бойы шегінде орналасқан немесе тротуар немесе бөлу жолағы болғанда, сондай-ақ осы элементтер қозғалатын көлік құралдары үшін қауіп тудыратын басқа жағдайларда өтетін бөліктің шетінен 10 м кем арақашықтықта болатын жол имараттарының тік элементтерін белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.18, А.20 және А.21 суреттері).

Тік беттің үлкен ені кезінде ені 0,5 м өтетін бөлікке жақын шетіне ғана, ал үлкен биіктік кезінде - 2,0 м биіктікке таңбалауға жол беріледі (А.21 суреті).

6.3.3 2.2 таңбасы одан және жол қаптамасына дейін 5,0 м кем арақашықтық кезінде туннельдердің, көпірлер мен өтпезолдардың аралық ұұрылымының төменгі шетін белгілеу үшін қолданылуға тиіс. Таңбаны қозғалыс жол имаратының жағына іске асырылатын әрбір жолақтың ортасынан салады (А.18-А.20 суреттері).

2.2 таңбасын имарат жағына қозғалыс іске асырылатын өтетін бөліктің барлық ені бойынша аралық құрылымдарға салуға жол беріледі.

6.3.4 Егер 2.1 немесе 2.2 таңбасын жол имараттарының бетіне тікелей салу мүмкін болмаса, ол осы имараттарға бекітілетін немесе олардың алдында тікелей орнатылатын қалқандарда орындалуға тиіс.

6.3.5 2.3 таңбасы олар бөлу жолақтарында немесе қауіпсіздік аралықшаларында орналасатын кездегі жағдайларда дөңгелек тапал тіреуіштерді белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.22 суреті).

Жасанды жарығы болмайтын жол учаскелеріндегі 2.1-2.3 таңбаларының ақ жолақтарын жарық қайтарғыш материалдардан орындауға жол беріледі.

6.3.6 2.4 таңбасы жол төсемі шегінде орналасқан бағыттағыш бағандар, тапал бағандар, қоршау тіреулері, жол белгілерінің тіреулерін және т.с.с. белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.22 суреті).

2.4 таңбасының қара жолағының төменгі шеті өтетін бөлік жаққа қаратылуға тиіс.

6.3.7 2.5 таңбасы тіке жол учаскелерінде, сондай-ақ тік жарларда, радиусы 50 м кем жоспардағы қисықтарда, әртүрлі деңгейлердегі айырықтардағы қоршаулардың барлығының ұзындығында орнатылатын жол қоршауларының (10 м кем болмайтын ұзындықта) басындағы қаптал беттерді белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.22 суреті).

6.3.8 2.6 таңбасы 6.3.7 (А.22 суреті) тармақтарында белгіленгендерден басқа, барлық жағдайларда жол қоршауларының бүйір беттерін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

2.4-2.6 таңбасымен белгіленген қоршайтын және бағыттайтын құрылғылардың жарық қайтарғыш элементтері болуға тиіс. Бұл элементтер оңынан қызыл түсті қозғалыс бағыты бойынша, солынан - ақ немесе өте дұрысы, сары түсті болуға тиіс. Жарық қайтарғыш элементтің жазықтығы көлік құралдары қозғалысының бағытына, мүмкіндігінше, перпендикуляр болуға тиіс.

6.3.9 2.7 таңбасы жолдың тарылатын жерлерінде және басқа қауіпті учаскелерде радиусы 50 м кем жоспардағы қисықтардағы қауіпсіздік аралықшаларынан, жиектастардан көтеріңкі беттерін белгілеу үшін қолданылуға тиіс (А.21 және А.22 суреттері).

Қара және ақ түсті 2.7 таңбасы элементтерінің өлшемдерін, тиісінше, былай қабылдау керек: қауіпсіздік аралықшалары үшін - 0,2 және 0,4 м, ал жиектастар үшін - 0,5 және 1,0 (1,0 және 2,0) м.

7 Жол бағдаршамдарын қолдану ережесі

7.1 Жол бағдаршамдары ГОСТ 33385 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Жол бағдаршамдарының топтары, типтері, атқарулары, олардың сигналдарының түрлері және орналасуы осы стандарттың талаптарына сәйкес болуға тиіс (Д қосымшасын қараңыз).

7.1.1 Осы стандарт тағайындалымы бойынша бағдаршамдардың екі тобын белгілейді:

Т — көліктік;

П — жаяу жүргінші.

Бағдаршамдар әр топта Д қосымшасына сәйкес типтер мен атқаруларға бөлінеді.

7.1.2 Бағдаршамдарға бірінші әрпі бағдаршамның тобына, сандық типіне, келесі әріптері оның атқаруына сәйкес келетін индекстер берілген (болған кезде). Келесі әріптердің мынадай мәндері болады:

қ - қосымша оң бөлігі болатын атқару;

с - қосымша сол бөлігі болатын атқару;

ос - қосымша оң және сол бөлігі болатын атқару

к - сигналдарды көлденең орналастырып атқару;

с - сары түсті қосымша сигналмен атқару;

қ - қос сигналмен атқару.

Бағдаршам сигналдарының кескіндері және орналасуы, сондай-ақ олардың индекстері Д қосымшасында берілген (қосымшада бағдаршамдардың құрастырылымдық ерекшеліктері анықталмаған).

7.1.3 Бағдаршам сигналдарының жарық сүзгілерінің түсі және олардың жұмыс беттерінің өлшемі бағдаршамдар құрылымының нұсқасы бойынша 7-кестеде келтірілгенге сәйкес болуға тиіс.

7.1.4 Т.1.1.п, Т. 1.1.л, Т.1.1.пл, Т.1.2.п, Т.1.2.л, Т.1.2.пл, Т.1.3.п, Т.1.3.л, Т.1.3.пл, Т.2.1, Т.2.2, Т.2.3, Т.3.п, Т.3.л бағдаршамдары сигналдарының жарық сүзгі сигналдарындағы меңзерлердің пішін үйлесімі мен бағдары көлік құралдары қозғалысының реттелетін бағытына (бағыттарына) сәйкес болуға тиіс. Бір жарық сүзгіде көрсетілетін бағыттар саны екеуден аспауға тиіс.

7.2 Жол бағдаршамдары көлік құралдары және жаяу жүргіншілердің өту кезектілігін реттеу үшін, сондай-ақ қауіпті жол учаскелерін белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

7.3 1-типті көлік бағдаршамдары [5] бойынша Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес басымдылық талаптары сақталып, жол белгілерімен және (немесе) жол таңбасымен орнатылған барлық бағыттардағы қиылыстардағы көлік құралдарының қозғалысын реттеу үшін қолданылуға тиіс.

7 –кесте. Бағдаршамның құрастырылым нұсқалары

Бағдаршамдардың индексі	Бағдаршамның құрастырылым нұсқасы	Бағдаршам сигналы				
		қызыл	сары	жасыл	қосымша жасыл	ай тәрізді ак
		Жұмыс беттерінің диаметрі (габаритті өлшемі)				
Т.1, Т.2	I	200	200	200	-	-
	II	300	300	300	-	-
	III	300	200	200	-	-
Т.1.п, Т.1.л, Т.1.пл, Т.1.1	I	200	200	200	200	-
	II	300	300	300	300	-
	III	300	200	200	200	-
Т.1.г	I	200	200	200	-	-
	II	300	300	300	-	-
Т.3	I	100	100	100	-	-
Т.3.п, Т.3.л	I	100	100	100	100	-
Т.4	I	600×550	-	600×550	-	-
Т.4.ж	I	600×550	600×550	600×550	-	-

ҚР СТ 1412-2017

Т.5	I	-	-	-	-	100
Т.6, Т.6.д	I	200	-	-	-	-
	II	300	-	-	-	-
Т.7	I	-	200	-	-	-
	II	-	300	-	-	-
Т.8, П.1	I	200	-	200	-	-
	II	300	-	300	-	-
Т.9	I	200	200	200	-	-
Т.10	I	-	-	-	-	200
П.2	I	200×200	-	200×200	-	-
	II	300×300	-	300×300	-	-
Т.11	I	200	-	-	-	-
	II	300	-	-	-	-

7.3.1 Т. 1.1, Т.1.1.г, Т.1.2, Т.1.2.г, Т. 1.3, Т.1.3.г атқару бағдаршамдары қиылысқа аталған келулердегі барлық рұқсат етілген бағыттарда көлік құралдарын бір мезгілде өткізу жағдайында қолданылуға тиіс.

Ерекше жағдайларда да бағдаршамдардың аталған атқаруларын темір жол өтулерінде (оларды ұстайтын ұйымдардың келісімі бойынша), трамвай желілерімен, өтетін бөліктердің тарылуларында да және т.с.с. қолдануға жол беріледі.

7.3.2 Т.1.1.п, Т.1.1.л, Т.1.1.пл, Т.1.2.п, Т.1.2.Л, Т.1.2.пл, Т.1.3.п, Т.1.3.л, Т.1.3.пл атқару бағдаршамдары, егер нақты жағдайларда техникалық немесе экономикалық пайымдауларға байланысты 2-типті бағдаршамдарды пайдалану мүмкін болмаса, ерекше жағдайларда қиылысқа бір өтетін жерден белгілі бір бағыттарда көлік ағындарын бөлек өткізу үшін қолданылуға тиіс.

Т.1.1.пл, Т.1.2.ПЛ, Т.1.3.пл атқару бағдаршамдарының орнына тиісті Т.1.1.п, Т. 1.1.л, Т.1.2.п, Т.1.2.Л, Т.1.3.п, Т.1.3.пл атқару бағдаршамдарын пайдалануға жол беріледі.

Т.1.п, Т.1.л, Т.1.пл, Т.1.2.П, Т.1.2.Л, Т.1.2.пл, Т.1.3.п, Т.1.3.л, Т. 1.3.пл атқару бағдаршамдарының қосымша бөліктерінің көрінуін жақсарту үшін, бұрыштары дөңгеленген тік бұрыш пішінді ақ түсті экрандармен жабдықталуға және бағдаршам габариттерінен 120 мм шығып тұруға тиіс. Бағдаршам контурын қайталайтын экран пішіміне рұқсат етіледі.

7.4 2-типті көлік бағдаршамдары олардың рұқсат ететін сигналы бойынша қозғалатын көлік ағынының басқа бағыттағы (қақтығыссыз реттеу) көлік құралдарымен қиылыс шегінде қиылысулары (қосылулары), сондай-ақ жаяу жүргіншілермен қиылысулары жағдайларында белгілі бір бағыттағы қозғалысты реттеу үшін қолданылуға тиіс. Мұндай жағдайда көлік құралдары қозғалысының әрбір бағытына өз бағдаршасы сәйкес келуге тиіс. 1-типті бағдаршамдарға қарағанда, 2-типті бағдаршамдарды пайдаланған дұрысырақ.

Егер бағдаршам объектілерінің жұмыс режимі осы жолақтарға арналған сигналдардың әртүрлі ұзақтығын және (немесе) кезектілігін қарастыратын болса, әрбір тиісті қозғалыс жолағының үстінен 2-типті көлік бағдаршамдарын орнатуға жол беріледі.

Өтетін бөліктің үстінде орналасқан 2-типті көлік бағдаршамдарын қайталамайды.

7.5 Диаметрі 300мм (II құрастырылым нұсқасы) сигналдары болатын 1 және 2 типті көлік бағдаршамдары қолданылуы мүмкін:

- магистральдық жолдар мен алаңдарда;
- максималды рұқсат етілетін қозғалыс жылдамдығы 60 тәул/авт артық жолдарда;
- қолайсыз көріну жағдайларында;
- аркалар мен аспаларда орнатқан кезде (А.24 суреті).

III құрастырылымдағы сигналдарының диаметрі 300 мм және 200 мм 1 және 2 типті бағдаршамдар жоғарыда жазылған жағдайларда қиылысулар алдынан қосалқы жолдар жағынан орнатылуы мүмкін.

Сигналдарының диаметрі 200 мм (I құрастырылым нұсқасы) 1 және 2 типті бағдаршамдар жол қозғаласына барлық қатысушыларына бағдаршам сигналдарының барлық қалған жағдайларда көрінуін қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін.

Қиылысқа келетін бір жерде 1 және 2 типті бағдаршамдарды бірге қолдануға тиісті бағдаршамдармен реттелетін көлік ағындары бір-бірінен шамалы көтерілген аралықшалар немесе бөлу жолақтарымен қашықтатылған кезде жол беріледі.

7.6 3-типті көлік бағдаршамдары аталған бағыттағы өтетін бөліктің шеткі жолағындағы тоқтату сызығында тоқтайтын бірінші көлік құралы жүргізушісінің оларды көруі қиындаған кезде 1-типті бағдаршамдар сигналдарын қайталағыштар ретінде қолданылуға тиіс.

Осы бағдаршамдарды жолдың велосипед жолдарымен қиылысатын жеріндегі орындарында велосипедшілердің қозғалысын реттеу үшін қолдануға жол беріледі.

3-типті көлік бағдаршамдары тиісті Т.1.1, Т.1.1.п, Т.1.1л, Т.1.2, Т.1.2.П, Т.1.2.Л, Т.1.3, Т.1.3.п, Т.1.3.пл атқару бағдаршамдарының астынан орналастырылуға тиіс.

3-типті көлік бағдаршамдарын орналастыру 5.33 «Тоқтату сызығы» жол белгісінің немесе осы бағдаршамға жақын шеткі жолақтағы 1.12 «Тоқтату сызығы» жол таңбасының алдында тоқтайтын бірінші көлік құралының жүргізушісі олардың сигналын кіретіндей етіп қамтамасыз етілуге тиіс.

7.7 4-типті көлік бағдаршамдары өтетін бөліктің жеке жолақтарына кірулерді реттеу үшін қолданылуға тиіс (кері қозғалыс).

4-типті көлік бағдарламалары пайдаланылатын кері реттеуді енгізудің мақсатқа сәйкестілігі мынадай шарттар бір мезгілде болған кезде қарастырылуға тиіс:

- қауырт шақта көлік құралдарының қозғалу қарқындылығы барынша жүктелетін бағытта қозғалыс жолағына 500 сағ/бірл. артық құраса;
- барынша жүктелетін бағытта қауырт шақта көлік құралдарының қосынды қозғалу қарқындылығы қарсы қозғалыс қарқындылығынан 500 сағ/бірл. артық асатын болса;
- қозғалыстың аталған біркеліксіздігі апта күндері бойынша немесе тәулік ішінде бағыттар бойынша жүйелі өзгеретін болса;
- жолдың өтетін бөлігінде екі бағытта да үш немесе одан артық жолағы болса.

4-типті көлік бағдаршамдары оның үстінен реттелетін жолақтың басында орнатылуға және осылайша осы бағдаршамдар арасындағы арақашықтық көлік құралдарының жүргізушілеріне көруден кем болмай орнатылған бағдаршамдардың көрінуін қамтамасыз ететіндей болып қайталануға тиіс.

7.8 5-типті көлік бағдаршамдары трамвайлардың, сондай-ақ арнайы бөлінген жолақта қозғалатын маршруттық автобустар мен троллейбустардың қозғалысын қақтығыссыз реттеу үшін ғана қолданылуға тиіс. Басқа жағдайларда көлік құралдарының осы түрлерінің қозғалысын реттеу үшін 1 және 2 типті көлік бағдаршамдары пайдаланылуға тиіс.

7.9 6-типті көлік бағдаршамдары темір жол өтулері, ажырамалы көпірлер, аспалы сал өткелдерінің айлақтары арқылы, арнайы көлік құралдарының жолға шығатын жерлерінде жол қозғалысын реттеу үшін қолданылуға тиіс.

Теміржол өтулерінде 6-типті көлік бағдаршамдарын орнату қажеттігі уәкілетті орган бекітетін тиісті нормативтік құжаттамада анықталады.

7.10 7-типті көлік бағдаршамдары реттелмейтін қиылыстар немесе жаяу жүргіншілер жолдарын белгілеу үшін қолданылуға тиіс.

7-типті көлік бағдаршамдары мынадай жағдайларда қолданылуға тиіс:

- алдыңғы жол учаскесінде рұқсат етілетін жылдамдықпен қозғалған кезде көлік құралын тоқтау үшін жеткілікті арақашықтықта қауіпті учаскенің көрінуін қамтамасыз етілмесе және
- белгіленетін учаскедегі көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалу

ҚР СТ 1412-2017

қарқындылығы 7.16 тармағының 1 және 2 шарттарына арналған нормалардың 50%-ынан артық құралса.

7.11 8-типті көлік бағдаршамдары бір жолақта ауыспалы қозғалыс ұйымдастырылатын кезде өтетін бөлік тарылатын кезде кәсіпорын мен ұйымдардың және т.с.с. ішкі аумақтарындағы қозғалысты реттеу үшін қолданылуға тиіс.

Мұндай жағдайларда 7 және 2 типті көлік бағдаршамдарын пайдалануға жол беріледі.

7.12 9-типті көлік бағдаршамдары олардың жолмен қиылысатын жерлерінде 4.5.1 белгісімен белгіленетін велосипед жолдарындағы қозғалысты реттеу үшін қолданылуға тиіс.

9-типті көлік бағдаршамдарын орналастыру олардың сигналдарының велосипедшілерге 50 м кем болмайтын арақашықтықта көрінуін қамтамасыз етуге тиіс.

7.13 10-типті көлік бағдаршамдары темір жол өтулері арқылы болатын жол қозғалысын реттеу үшін қолданылуға тиіс.

7.14. 11-типтегі көлік бағдаршамдары реттелетін конфликтпен (34 А –суретті қараңыз) бағдаршамдық рететуді арнайы қабылдауды пайдаланған жағдайда қолданылуға тиіс. Осы қабылдау солға бұрылу үшін жолақты бөлу мүмкіндігі болмағандықтан Т.1 л немесе Т.1пл бағдаршамдарын қолдану орындылығы кезінде қарқынды солға бұрылудың жол беру қажеттілігі жағдайларына жол беріледі.

Реттеу фазасының соңында солға бұрылумен көлікті конфликтсіз өткізумен реттеу схемасын қолдануға (А34 б –суретін қараңыз) қарама-қарсы бағыт үшін солға бұрылу ғажәне кері бұрылуға тыйым салу кезінде ғана рұқсат етіледі.

Т.11 көлік бағдаршамдарын кемінде 1 м қашықтықта Т.1 қайталаушы бағдаршамға қатысты сол жаққа қарай, не кемінде 300 м қашықтықта жоғарыға орнату қажет. Т.1 қайталаушы көлік бағдаршамы болмаған кезде қарама-қарсы бағыт үшін Т.1 бағдаршамының қызыл сигналының сыртқы жағынан Т.11 бағдаршамын орналастыруға рұқсат етіледі.

7.15 1 және 2 типті жаяу жүргіншілер бағдаршамдары жолдардың өтетін бөліктері арқылы қозғалысты реттеу үшін қолданылуға тиіс.

Зағип жандар жүйелі пайдаланатын жаяу жүргіншілер жолдарында бағдаршам сигнализациясына қосымша жаяу жүргіншілер бағдаршамдарымен келісілген режимде жұмыс істейтін дыбыстық сигнализацияны қолдануға жол беріледі.

Қиылыстардан тыс жаяу жүргіншілер өтулерінде бағдаршам объектісін жаяу жүргіншілердің шақыру құрылғыларымен қайта жабдықтауға жол беріледі.

1 және 2-типті жаяу жүргіншілер бағдаршамдарын орналастыру олардың сигналдарының жолдың өтетін бөлігімен қиылысатын қарама-қарсы жағынан жаяу жүргіншілерге көрінуін қамтамасыз етуге тиіс.

1 және 2-типті жаяу жүргіншілер бағдаршамдары өтетін бөліктің екі жағынан тротуарларда, ал қауіпсіздік аралықшасы немесе бөлу жолағы болатын кезде, егер бір бағыттағы қозғалыс жолақтарының саны төртеуден артық болса, оларда да орналастырылуға тиіс.

1 және 2-типті жаяу жүргіншілер бағдаршамдарымен реттелетін қиылыста орналасқан барлық жаяу жүргіншілер жолдары жабдықталуға тиіс.

7.16 1, 2-типті көлік бағдаршамдары және жаяу жүргіншілер бағдаршамдары, кем дегенде, мынадай бес жағдайдың бірінде орнатылуға тиіс.

1-жағдай. Апталық жұмыс күнінің 8 сағ. (қосынды) ішінде көлік құралдарының қозғалу қарқыны 8-кестеде көрсетілгеннен кем емес.

8-кесте. Көлік құралдары қозғалысының қарқындылығы

Бір бағыттағы қозғалыс жолақтарының саны		Көлік құралдары қозғалысының қарқыны, сағ/бірл.	
Негізгі (барынша жүктелетін жол)	Қосалқы (кем жүктелетін жол)	екі бағытта басты жол бойынша	Барынша көп жүктелген бір бағыттағы қосалқы жол бойынша
1	1	750	75
		670	100
		580	125
		500	150
		410	175
		380	190
2 және одан артық	1	900	75
		800	100
		700	125
		600	150
		500	175
		400	200
2 немесе одан артық	2 немесе одан артық	900	100
		825	125
		750	150
		675	175
		600	200
		525	225
		480	240

2-жағдай. Жұмыс күнінің 8 сағ. (қосынды) ішінде қозғалыс қарқыны кем емес:

- екі бағыттағы басты жол бойынша 600 сағ/бірл. (1000 сағ/бірл. бөлу жолағы болатын жолдар үшін);

- 150 жаяу жүргінші әрқайсысы осындай 8 сағатта барынша жүктелетін бір бағытта өтетін бөлікте қиылысады.

Тұрғындарының саны 10 мың адамнан аз елді мекендер үшін 1 және 2 жағдайлар бойынша нормативтер аталғандардың 70%-ын құрайды.

3-жағдай. 1 және 2-жағдайлары әрбір жеке норматив бойынша 80% және одан артық бір мезгілде орындалады.

4-жағдай. Соңғы 12 айда қиылыста бағдаршам сигнализациясы болатын кезде алдын алуға болатын үшеуден кем емес жол-көлік оқиғасы жасалды (мысалы, көлік құралдарының қозғалып келе жатқан көлденең бағыттармен соқтығысулары, көлік құралдарының жолдан өтіп бара жатқан жаяу жүргіншілерді басып кетулері, тура бағытта келе жатқан және қарсы бағыттан солға бұрылатын көлік құралдары арасындағы соқтығысулар). Бұл ретте 1 немесе 2-жағдайлар 80% немесе одан артық орныдалуға тиіс. Көлік құралдарының бір бағыттағы қозғалыс жолақтарына байланысты қозғалу қарқындылығы 8-кестеде берілген.

5-жағдай. Мектепке дейінгі білім беру орталығы, оқу орындары (ұйымдар, мекемелер) және адамдар көп жүретін жерлерде жақын орналасқан бір бағыттағы көлік құралдары қозғалысы үшін 3 немесе одан көп жолағы бар жолдардағы жаяу жүргіншілерде.

1, 2 және 8-типті көлік бағдаршамдарын, егер осы бағдаршамдармен реттелетін қозғалыс екі немесе одан артық жолақтар бойынша іске асырылатын және 7.11 сәйкес нақты жағдайларда сигналдарды тану талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мүмкін болмаса, қайталау керек.

7.17 Жол және велосипед жолының қиылысатын жерінде 1 және 9 (немесе 3) типті бағдаршамдармен іске асырылатын бағдаршаммен реттеуді енгізу қажеттігі, егер

ҚР СТ 1412-2017

велосипед қозғалысының тұрақты сипаты болса, ал оның қарқындылығы 50 сағ/шамадан асатын жағдайда қарастырылуға тиіс.

7.18 Жолда бір бағыттағы қозғалыс үшін тағайындалған және бір-бірінен бөлу жолақтарымен қашықтатылған бірнеше өтетін бөліктер болған кезде, олардың әрқайсысындағы қозғалысты реттеу үшін өзіндік бағдаршам қолданылуға тиіс (А.23 суреті).

7.19 Жол бағдаршамдарын орналастыру (3,9 типті көліктік және жаяу жүргіншілердікінен басқа) олардың қолданысы таралатын кез келген қозғалыс жолағынан олардың сигналдарының 100 м кем болмайтын арақашықтықтан көрінуін қамтамасыз етуге тиіс. Басқаша жағдайда 1.8 «Бағдаршаммен реттеу» жол белгілері алдын ала орнатылуға тиіс.

1 және 2-типті бағдаршамдарды бұрыштары дөңгеленген тікбұрыш формасындағы экрандармен тағы жабдықтауға жол беріледі. Экрандар бағдаршам габариттерінен 120 мм шығып тұруға тиіс, экранның алдыңғы бетінің түсі экранның сыртқы периметрі бойынша орналасқан ені (40-80) мм ақ түсті қарама-қарсы сызық болатын қара. Қарама-қарсы сызық ҚР СТ 1125 бойынша 1-типті жарық қайтарғыш үлдірден орындалуға тиіс.

7.20 Бағдаршамдар орнатылған тіреулер немесе ғимарат қабырғаларына, аспалы немесе жақтаулы тіреулерге бекітілген арнайы бағандарға, кронштейндерге орнатылуға, сондай-ақ арқан-кормелерде ілінуге тиіс.

Аспалы немесе жақтаулы тіреулердің арнайы бағандары мен тіреуіш элементтері жолдың өтетін бөлігінен тыс орналастырылуға немесе оларды көлік құралдарының ықтимал басып кетуінен қоршалуға тиіс.

Әрбір бағдаршамды орнату тәсілі мынадай талаптарға байланысты бағдаршамдық сигнализацияны жобалаған кезде анықталады: бағдаршамдар сигналдарының көрінуін қамтамасыз ету қажеттігі, жасыл көшеттерді сақтау, механикалық бүлінулерден, бағдаршам объектісінің дизайнын қорғау қажеттігі.

7.21 Тұрқының төменгі нүктесінен бастап өтетін бөліктің бетіне дейінгі бағдаршамдарды орнату биіктігі (А.23 және А.24 суреттерін қараңыз) құрауға тиіс:

Көлік бағдаршамдары үшін (3 және 9-типтіден басқа):

- өтетін бөліктің үстінен орналасқан кезде - 5 м кем емес;
- өтетін бөліктің қапталынан орналасқан кезде - 2 м кем емес;
- 3 және 9-типті көлік бағдаршамдары үшін - 1,5 бастап 2,0 м дейін;
- жаяу жүргіншілер бағдаршамдары үшін - 2 м кем емес.

Бір тіреуде 1, 2-типті көлік бағдаршамдарын және жаяу жүргіншілер бағдаршамдарын орнатқан кезде олардан жоғары орналаспауға тиіс.

Бір жолдың бойында бағдаршамдарды орнату биіктігі және оларды өтетін бөліктен алып тастау, мүмкіндігінше, бірдей болуға тиіс.

7.22 Өтетін бөліктің шетінен бастап өтетін бөліктің қапталынан орнатылған бағдаршамға дейінгі арақашықтық 0,5 бастап 2,0 м дейін құрауға тиіс (А.23 суреті).

Жаяу жүргіншілер бағдаршамдарының сигналдарының көрінуін қамтамасыз еткен кезде оны өтетін бөліктің шетінен бастап 5,0 м дейін алып тастауға жол беріледі.

7.23 Бағдаршамдарды тоқтату сызығына қатысты орналастыру олардың сигналдарын оларда тұратын көлік құралдары жүргізушілерінің тануын қамтамасыз етуге тиіс (А.25 суреті).

Реттелетін учаскеге келетін жерде көлік бағдаршамдарынан бастап тоқтату сызығына дейінгі көлденең жазықтықтағы арақашықтық оларды өтетін бөліктің үстінен орнатқан кезде 10 м кем және өтетін бөліктің қапталынан орнататын кезде 3 м кем болмауға тиіс. Жаяу жүргіншілер бағдаршамдарынан бастап жаяу жүргіншілер өтетін жердің жақын шекарасына дейінгі көлденең жазықтықтағы арақашықтық 1 м артық болмауға тиіс (А.25 суреті).

7.24 Бағдаршамдар трамвай немесе троллейбустың түйісу сымдарынан бастап бағдаршам тұрқының кез келген нүктесіне дейін 1 м кем арақашықтықта орнатылуға тиіс.

7.25 Көлік бағдаршамдары пайдалану артықшылығы бағдаршамдардың әртүрлі типтері мен атқарулары үшін 9-кестеде көрсетілген мынадай нұсқаларға сәйкес орналастырылуға тиіс.

9-кесте. Бағдаршамдарды нұсқалары бойынша орналастыру артықшылығы

Бағдаршам индекстері	Бағдаршамның тағайындалуы	Бағдаршамдарды нұсқалары бойынша орналастыру артықшылығы								
		а	б	в	г	д	е	ж	з	и
Т.1, Т.8	Негізгі қайталайтын	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.1.п «оңға» сигналымен	Негізгі қайталайтын	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.1.л	Негізгі қайталайтын	-	-	1	2	3	-	4	5	-
Т.1.п «тура» сигналымен	Негізгі қайталайтын	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.1.пл	Негізгі қайталайтын	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.1.г	Негізгі қайталайтын	-	1	-	-	-	-	-	-	-
Т.2 «тура» сигналымен	Негізгі қайталайтын	1 ¹⁾	2	-	-	-	-	-	-	-
Т.2 «оңға» немесе «тура және оңға» сигналдарымен	Негізгі қайталайтын	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.2 «солға» немесе «тура және солға» сигналдарымен	Негізгі қайталайтын	-	3	1	2	-	-	-	-	-
Т.2 «оңға» және «оңға» сигналдарымен	Негізгі қайталайтын	1	-	1	-	-	-	-	-	-
Т.3, Т.3 .п «оңға» немесе «оңға» сигналдарымен	Негізгі	1								
Т.3.л	Негізгі	-	-	1	-	-	-	-	-	-
Т.4, Т.4.ж	7.7-қараңыз									
Т.5	Негізгі	1 ³⁾	2	-	-	-	-	-	-	-
Т.6, Т.6.д, Т.7, Т.10	Негізгі	1 ⁴⁾	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.9	Негізгі	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Т.11	Негізгі	-	-	-	-	-	-	1	2	-

Ескертпе - а – өтетін бөліктің оң жағындағы қиылыстың алдынан;
 б -өтетін бөліктің үстіндегі қиылыстың алдынан;
 в - бөлу жолағындағы, бағыттауыш аралықшадағы немесе қауіпсіздік аралықшасындағы өтетін бөліктің сол жағындағы қиылыстың алдынан;
 г - жолдың сол жағындағы қиылыстың алдынан. Нұсқа көлік құралдарының бір жақты қозғалысы болатын жолдарда қолданылуы мүмкін. Екі жақты қозғалыс кезінде екеуден артық болмайтын қарсы қозғалыс жолағы кезінде нұсқаға жол беріледі, мұндайда бағдаршамдар аспалы тіреулерде орналастырылуға тиіс;
 д - қиылысатын жолдың бөлу жолағында, бағыттауыш аралықшада немесе қауіпсіздік аралықшасында сол жағындағы қиылыс аумағында;
 е - қиылысатын жолдың бөлу жолағында, бағыттауыш аралықшада немесе қауіпсіздік аралықшасында оң жағындағы қиылыс аумағында;
 ж - жолдың бөлу жолағында, бағыттауыш аралықшада немесе қауіпсіздік аралықшасында қиылыстан кейін;
 з - жолдың сол жағындағы қиылыстан кейін;
 и - жолдың оң жағындағы қиылыстан кейін.
 Ж, з, и нұсқалары егер тоқтату сызығы мен бағдаршама арасындағы арақашықтық 25 м аспайтын жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін.

¹⁾ Нұсқаны «оңға» сигналдарымен 1.2 атқару бағдаршамдары қиылысқа аталған келетін жерде болмайтын кезде

пайдаланады.

²⁾ Негізгі бағдаршамды орналастыру түрінің нұсқаларын пайдаланған кезде ғана қолданылуы мүмкін.

³⁾ Қамтамасыз етілген төсем бойынша жүретін трамвайлар қозғалысын реттеген кезде жолдар арасына орналастыруға жол беріледі.

⁴⁾ Орталық аралықшада 7 типті бір бағдаршамды орнатуға немесе оны қиылыстың ортасынан іліп қоюға рұқсат етіледі.

7.26 Бір бағдаршам объектісінде орнатылған барлық бағдаршамдар (4-типтегі бағдаршамдарды қоспағанда) өзара байланыс режимдерінде жұмыс істеуге тиіс.

Қозғалыстың үйлестірілген реттеу жүйесіне енгізілген кез келген бағдаршам объектісінде басқа бағдаршам объектілерінің жұмысына тәуелсіз жеке автоматты режимде жұмыс істеу мүмкіндігі болуға тиіс.

7.27 Бағдаршамдар жұмысында сигналдардың мынадай қосылу жүйелілігі сақталуға тиіс:

- 1 - 3-типті көлік бағдаршамдарында - қызыл - сары қызылмен бірге - жасыл - сары - қызыл... Мынадай жүйелілікті қолдануға жол беріледі: қызыл -жасыл - сары - қызыл..., қызыл- сары- жасыл -сары-қызыл...;

- 4, 8-типті көлік бағдаршамдарында - объектінің жұмыс режиміне сәйкес қызыл және жасыл сигналдың қайта қосылуы;

- 5 типті көлік бағдаршамдарында - бағдаршам объектісінің жұмыс режиміне және маршруттық көлік құралдарының қозғалу бағытына сәйкес;

- 6, 7 және 10-типті көлік бағдаршамдарында - екі сигналдың кезектесіп қосылуы немесе бір сигналдың жыпылықтауы;

- 9-типті көлік бағдаршамдарында - бағдаршам объектісінің жұмыс режиміне және велосипедшілердің қозғалу бағытына сәйкес;

- жаяу жүргіншілер бағдаршамдарында - бағдаршам объектісінің жұмыс режиміне сәйкес қызыл және жасыл сигналдардың кезектесіп қосылуы.

